



Азаматхан ӘМІРТАЙ, «Байтақ болашақ» экологиялық альянсының төрағасы:

# «ТАБИҒАТҚА ДЕГЕН ҚАМҚОРЛЫҚ ТЕК ҚАҒАЗ ЖҮЗІНДЕ»

5-бет

# ЗАН

zangazet@mail.ru

№33 (3461) 26 сәуір 2022




# газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР БІРІГІП ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ӘРҚАШАН ӘЗІР



Биыл Қазақстанның БҰҰ-ға мүше болғанына 30 жыл және Еуропа Кеңесі Венеция Комиссиясына қосылғанына 10 жыл. Осыған орай елордада «Құқық үстемдігін бекітудің конституциялық және халықаралық аспектілері» тақырыбында халықаралық конференция өтті.

(Соңы 2-бетте)



ӘРІПТЕСТІКТІҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

3-бет



«КІМНІҢ ҰЯТЫ ЖОҚ БОЛСА,  
ОНЫҢ ИМАНЫ ЖОҚ»

4-бет



ЦИФРЛАНДЫРУ – БӘСЕКЕГЕ  
ҚАБІЛЕТТІЛІГІМІЗДІ АҢҒАРТТЫ

8-бет

ІССАПАР

## БАС ПОЛИЦЕЙ ҰЛТТЫҚ ҰЛАН ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Жақында еліміздің Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов Ұлттық ұланның Шымкент қаласындағы құрамасында болды.



Ведомство басшысын құқықтық тәртіп әскерінің Бас қолбасшысы Еркін Ботақанов, «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының қолбасшысы Талапкер Әміреев, 6506 әскери бөлімінің командирі Бауыржан Қабылбеков және Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтенов қарсы алды.

Іс сапар барысында министр бөлімнің материалдық-техникалық базасын, инфрақұрылымы мен оқу-жаттығу нысандарын назарға алды. Сонымен қатар, 6506 әскери бөлімінің тарихынан сыр шертетін, батырлардың ерлігін насихаттайтын мұражайдың жай-күйімен танысты.

Марат Ахметжанов өз сөзінде Ұлттық ұланның елдегі тұрақтылықты сақтау, азаматтар мен қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша аса маңызды

міндеттер орындайтынын атап өтті. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық ұлан әскери қызметшілерінің атқарған жұмысына жоғары баға бергенін жеткізді.

– Ішкі істер органдары үшін де, Ұлттық ұлан бөлімшелері үшін де қаңтардағы оқиғалар күрделі сынақ болды. Құқық қорғау органдары мен Ұлттық ұлан әскери қызметшілері қиын күндерде алдыңғы шепте ел тыныштығын қорғады. Мемлекет басшысы әскерилердің құқық қорғау саласы қызметкерлерінің дайындығына айрықша мән беріп отыр. Сонымен қатар, Ұлттық ұланның ардагерлеріне қарап бой түзеуіміз және де олармен қоян-қолтық жұмыс жасауымыз қажет, – деді ІІМ басшысы.

Іс-шара барысында министр бөлімнің құрамында жасақталған «Жас бүркіт» спорттық әскери-патриоттық клубымен танысып, клубтың ең жас мүшесіне жеке қол сағатын сыйға тартты. Кездесу соңында еліміздің бас полицейі бөлім жеке құрамының алдағы істеріне сәттілік тіледі.

Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы Еркін Ботақанов өз кезегінде Президент пен Ішкі істер министрі тапсырмаларының толық көлемде орындалатынын атап өтті.

Өз тілшіміз

ЖАСЫЛ ЕЛ

## ЕЛДЕ ЕКІ МИЛЛИАРД АҒАШ ЕГІЛМЕК

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы жолдауына сәйкес еліміз бойынша 2021–2025 жылдары 843,0 мың га алқапқа 2 млрд ағаш егу жоспарланған. Көк желектің басым бөлігі Түркістан, Қызылорда, Жамбыл облыстарының, сондай-ақ, Семей және Ертіс орманы резерватының аумақтарында отырғызылмақ.

### ИНТЕРАКТИВТІ КАРТА ЖАСАЛДЫ

Ел аумағын көгалдандыру мақсатын көздеген жобаны іске асыру аясында «Қазақстан ғарыш сапары «ҰК» АҚ және «Қазақ орман орналастыру кәсіпорны» РМҚК-мен бірлесіп, орман мольктығу шараларын онлайн қарауға мүмкіндік беретін интерактивті картаны жасап шығарған.

(Соңы 6-бетте)



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР БІРІГІП ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ӨРҚАШАН ӨЗІР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Конференция жұмысын Конституциялық Кеңес төрағасы Қайрат Мәми ашып, БҰҰ және Венеция комиссиясымен ынтымақтастық Қазақстанның жаңа тарихында стратегиялық маңызды рөл атқаратынын атап өтті. 30 жыл ішінде БҰҰ бағдарламалары еліміздің көптеген салаларының прогрессивті дамуына қолдау көрсетті. Соның ішінде, іргелі құқықтық құжаттарға негізделген адам құқықтарын қорғау саласы да бар, олардың көптеген идеялары еліміздің негізгі заңында көрініс тапты. Сондай-ақ, спикер Конституциялық Кеңес қорытынды шешімдерін қабылдау кезінде Қазақстан мойындаған БҰҰ-ның жалпыға бірдей және ратификацияланған халықаралық актілерінің ережелерін әрқашан ескеретінін баса айтты.

«10 жыл бойы біздің серіктесіміз бола отырып, Венеция комиссиясы Қазақстандағы конституционализмді дамытуда үлкен рөл атқарады. Қазақстан тәуелсіз консультативтік-кеңесші орган ретінде комиссияға конституциялық реформалар мен жекелеген заңнамалық актілердің жобалары бойынша қорытындылар алу үшін бірнеше рет жүгінген. Венеция комиссиясының ұсынымдары біздің елде де кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда», – деді Конституциялық Кеңес төрағасы.

Қ.Мәми, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың жолдауында жарияланған құқық қорғау институттарын одан әрі нығайту саласындағы реформаларға тоқталды, атап айтқанда, Бас прокурорға, Адам құқықтары жөніндегі уәкілге және азаматтарға жаңа органға жү-

гіну құқығын бере отырып, Конституциялық Сот құру туралы бастама жөнінде айтты.

БҰҰ-ның Женевадағы бөлімшесінің бас директоры хатшылығының менгерушісі Д.Чикваидзе, Венеция комиссиясының Төрағасы Клэр Бази-Малори, БҰҰ-ның Қазақстандағы тұрақты үйлестірушісі М.Фриберг-Стори, Әділет министрі Қ.Мусин, Еуропалық Одақтың Қазақстандағы елшісі К. Янкаускас, сондай-ақ Францияның Алматыдағы бас консулы А.Шахтахинский секілді құрметті қонақтар конференцияның маңызын айтып, қатысушыларды құттықтады.

Пленарлық отырыста ұзақ мерзімді жемісті әріптестіктің қорытындысы жайлы Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары А.Рахметуллин, ҚР Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның төрағасы, Қазақстан Республикасының Венеция комиссиясының мүшесі И.Рогов, Конституциялық Кеңестің мүшесі Ү.Шапақ, ҚР Президенті жанындағы Кешірім жасау мәселелері жөніндегі комиссияның төрағасы М.Бәшімов, сондай-ақ, БҰҰ мен Венеция комиссиясының сарапшылары сөз сөйледі.

Конференция жұмысын қорытындылай келе, қатысушылар құқық үстемдігін нығайту мәселелерінде одан әрі тығыз өзара іс-қимылдың және бағдарламаларды жүзеге асырудың маңыздылығын атап өтті. БҰҰ мен Венеция комиссиясының өкілдері жүргізіліп жатқан реформаларды құптап, осы бастамаларды жүзеге асыруда Қазақстанға қолдау көрсетуге дайын екендіктерін білдірді.

**ҚР Конституциялық Кеңесінің баспасөз қызметі**

ПАЙЫМ



**Аса ауыр қылмыстық істерді қарайтын алқабилер институтының қоғамда маңызы зор. Сыбайластықтың жолын кесіп, қылмысты өшкерелегендерді ынталандырудың жаңа ережесі бекітілді. Сондай-ақ, Тәуелсіздік мерекелеріне орай әр жылдары рақымшылық жасалып, қаншама адам қылмыстық жауапкершілік пен жазадан босатылуда.**

## АЛҚАБИЛЕР СОТЫ АЗАМАТТАР ҮШІН ТИІМДІ

Осы аталған қылмыстық реформалардың барлығы адамдардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының қорғалу тетіктерін әрі қарай күшейтуге және толыққанды жүзеге асыруға бағытталған. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында осы реформалардың ішінде өлім жазасына тыйым салу туралы шешімді біржолата бекіту үшін Конституцияға тиісті өзгеріс енгізу қажеттігін және алқабилердің қарауына берілетін істердің санатын кеңейту туралы айтты.

Алқабилер сотының қолданылу аясын кеңейту және алқабилер соты міндетті түрде болуы тиіс қылмыстық істер санаттарын заң жүзінде анықтау көзделіп отырғанына қарамастан, Қазақстанда әлі де алқабилердің қатысуымен сот жүргізу өзге елдердегідей кең тарамаған. Алқабилер жұмысы кең форматта болуы, ең алдымен, азаматтар үшін тиімді. Көпшілік алқабилердің қатысуымен өткен сот, тек кәсіби мамандардан тұратын сотпен салыстырғанда әлдеқайда әділетті шешім шығарады деп санайды.

Алқабилер – сот жұмысына араласуға, қаралып жатқан іске қатысты өзінің азаматтық ойын білдіруге мүмкіндік берілген, істі таразылауға үн қосатын халықтың арасынан шыққан өкіл. Сотталушылардың алқабилердің тандауының бірден-бір себебі олар – халық соты, тәуелсіз сот, яғни, қарапайым халыққа деген үміті мен сенімі, сот процесі жүру барысында әрбір айтылған сөзге, әрбір дәлелдемеге әділ де шыншыл көзбен қарайтын азаматтар. Алқабилердің қатысуымен сот ісін жүргізу сотталушының конституциялық құқығын қамтамасыз етумен қатар, халықтың құқықтық біліктілігін арттырып, құқықтық сана-сезім қалыптастыруға мол үлесін қосады.

Бүгінде «Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне алқабилердің қатысуымен сот қарайтын істердің санаттарын кеңейту жөніндегі өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңының

жобасына реттеушілік саясаттың консультативтік құжаты 2022 жылғы 4 мамырға дейін ашық жария талқылау үшін НҚА интернет-порталында орналастырылды. Президент бұл жаңашылдық сот жүйесін демократияландыруға және оған қоғамның сенімін арттыруға мүмкіндік береді дейді. Бұған қоса, қылмыстың жекелеген түрлері бойынша жазаны күшейту, қылмыстық процестегі жарыспалылықты жетілдіру секілді өзекті мәселелер де назарда.

Президент бұған дейін де сот жүйесінің алдына ауқымды міндеттерді жүктеген болатын. Міндеттерді орындау мақсатында 2018–2021 жылдары Жоғарғы Соттың бастамасымен 35 заң жобасы әзірленіп, оның 30-ы заңды күшіне енді. Қабылданған заңдар негізінде электронды сот ісін жүргізу енгізілді, алқабилер сотының соттылығы кеңейтілді. Сонымен қатар, жаңадан ашылған мән-жайларға сәйкес, қылмыстық істер бойынша сот актілерін қайта қарау тәртібі егжей-тегжейлі регламенттелді. Жоғарыда айтылғандай, реформаның ықпалынан да соттарда қаралып аяқталған қылмыстық істер саны жылдан жылға едәуір азайып келеді. Мысалы, 2011 жылы соттарда 49 мың қылмыстық іс қаралса, он жылдан соң, яғни 2021 жылы 33 мың іс аяқталған. Бүгінде мемлекеттік органдарда 3 заң жобасы талқылануда. Олардың бірі қылмыстық істер бойынша кассацияға қолжетімділікті кеңейтуге бағытталған.

Адам құқықтарын қорғау – Қазақстанның саяси күн тәртібіндегі басым бағыттардың бірі. Қылмыстық жүйедегі реформалардың ауқымы кең және ол азаматтар құқығын қорғаудың барлық бағытын қамтиды. Қылмыстық жүйені уақыт талабына сай жетілдіру, жаңғырту адамдардың конституциялық құқығы мен бостандығын қорғау тетіктерін күшейтеді және оны дамытады.

**Мұрат ӘУБӘКІРОВ,**  
**Маңғыстау облыстық сотының судьясы**

БЕЙНЕКОНФЕРЕНЦИЯ

Соттың жұмысын көрсетуде, сотта қолға алынған бастамаларды насихаттауда бұқаралық ақпарат құралдарының көмегі көп. Екіжақты байланыстың жолға қойылуы ашықтық пен жариялылықтың, сенімнің көпірі. Соған орай әрбір сотта журналистермен қоян-қолтық жұмыс істеп, тілшілердің сұрақтарына дер кезінде жедел жауап беру үшін арнайы желілер іске қосылған. БАҚ-пен жұмысты үйлестіруші судьялар да ашық диалог орнауына барынша ықпал етіп келеді.

## БАҚ-пен БАЙЛАНЫС ЖОҒАРЫ

Жақында Қапшағай қалалық сотында БАҚ өкілдерімен онлайн режимінде өткен шарада қоғамға сауатты, сапалы ақпарат тарату мәселесі сөз болды. Оған өңірлік, республикалық газет, сайттардың журналистері қатысты. Бұл шара журналистердің құқықтық сауатын ғана емес, қоғамдағы жауаптылығын да арттыруды мақсат етті. Мәселен, «Zanaina.kz» ақпараттық порталының тілшісі Макпал Мәлікқызы онлайн режимінде сот отырысына қатысудың тәртібін сұрады. Жалпы, журналистердің сот отырысына қатысуына ешқандай кедергі жоқ. Тек бұл ашық сот отырысы болуы керек. Және ең бастысы, бұл жерде сот екі тараптың талап-тілегін басшылыққа алады. Егер тараптар сот отырысына бөтен адамның, соның ішінде журналистердің қатысуын қаламаса, судья оны ескеруі керек.

«Жас алаш» газетінің тілшісі



**Жайық ЖАНБОЛАТОВ,**  
**Қапшағай қалалық сотының судьясы**

Қуаныш Әбілда сот отырысынан тікелей эфирге шығудың, суретке түсірудің заңдық негізіне қатысты сауал қойды. Азаматтық процестік кодекстің 19-бабына сәйкес, ашық сот отырысына қатысқан кез келген адам, соның ішінде журналист те дыбыс-бейне жазу құрылғыларын пайдалана алады. Сонымен бірге суретке түсіруге де рұқсат етілген. Бірақ тікелей эфир жүргізу, бейнесюжет жасаудың барлығы тек сотқа төрағалық етуші судьяның рұқсат етуімен жүзеге асырылатынын ұмытпауымыз керек. Ал судья өз кезегінде бұл рұқсатты тараптардың пікірін ескере отырып береді.

Сот отырысындағы тәртіп ортақ. Оны барлық қатысушы сақтауға міндетті. Кез келген қатысушы сот отырысының қалыптасуында өтуіне кедергі келтірмеуге тиіс. Өкінішке орай, кейбір журналистер сот отырысында рұқсатсыз орнынан тұрып, дауыстап сөйлеп,

әлеуметтік желілерге ақпарат таратып отырғанын желеу етіп айналасына құрмет көрсетпей жатады. Мұндай жағдайда судья ескерту жасауға, ал ескертуге мойын бұрмаса ақпарат құралының өкілін сот отырысы залынан шығарып жіберуге мәжбүр болады. Өйткені, төрелік алаңында – адам тағдыры таразы басына салынады. Сондықтан бұл жерде журналистің ақпарат таратуына емес, ең алдымен ақ пен қараның дұрыс таразылануына ба-сымдық берілетінін ұмытпауымыз керек.

Шараға қатысқан журналистерге заң терминдерін дұрыс қолданбаудың, бір тараптың уәжімен мақалалар дайындаудың салдары түсіндірілді. Алдағы уақытта сот пен БАҚ-тың байланысын нығайтатын мұндай шаралар жалғасын таба береді.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

КЕЛІСІМ

## «ТАТУ ЕЛГЕ – ТЫНЫШТЫҚ ПЕН ТОҚШЫЛЫҚ НӘСІП»

**Аз халықтың басын біріктіріп, түнін түзу шығаруды мақсат еткен Күлтегін бабамыз «Тату елге – тыныштық пен тоқшылық нәсіп» деп татулықты дәріптеп өткен екен. Расында, ынтымағы жоғары, бірлігі бекем елде даму бар. Содан болар, қазақтың көне құқықтық заңнамаларының бәрінде дауды бейбіт келісіммен бітіруге, таласты татулықпен түйіндеуге басымдық берілген. Бабалардан қалған осы ізгі дәстүрді жандандыру, жаңғырту бағытында кейінгі жылдары ауқымды жұмыстар атқарылып жатқанынан көпшілік хабардар.**



Өркениетті елдерде дау-жанжалдың бәрі сот тәртібінде қарала бермейді. Біз үлгі тұтатын дамыған мемлекеттердің көпшілігі медиация институтын әлдеқашан құқықтық реформалардың алғышарты деп мойындаған. Оларда дауды сотқа жолдағанға дейін медиаторлардың қарауына ұсыну заңды, қалыпты тәртіп саналады. Мұның тиімді екенін уақыт та, тараптар да біліп, түсінген. Біздің елімізде де медиацияны жандандыруға қатысты кадам «Медиация туралы» заңдық қабылдаудан басталды. Бұл қажеттілік. Себебі, дауды сотқа жеткізбей өзара келісіммен шешудің тиімділігін санамалап, дәлелдеп жату артық. Дауды шешудің балама тәсілдерінің енгізілуі құқықтық салаға үлкен бетбұрыс жасаған жаңашылдықтың бірі. Осы ретте, дауды өзара бітіммен шешіп, татуласу арқылы қол

алысқан, партисипативтік тәсілдің көмегіне жүгінген тараптардың барлығы үнемделген қаржы, уақыт үшін, сақталған сыйластық үшін сот саласындағы жаңа бастамаға риза. Осындайда заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің «Қыл өптестей татулықты бір ашуға сатпас болар» деген тағылымды сөзі әлі маңызын, мәнін жоймағанын мойындауымыз керек. Шындығында, дауды сотқа қарау – тараптардың жүйкесіне салмақ түсіреді, өз мүддесін жоғары қойған адамның ашумен небір ойсыз әрекеттерге баратынын, лайықсыз қадамдар жасайтынын тәжірибеден көріп жүрміз.

Дауларды сотқа дейін реттеу үшін ауыл, аймақтарда татуластыру орталықтарын құрылып, Билер кеңесінің жұмысы бір жүйеге түсті. Татуластыру орталықтарында қара-

латын даулардың басым бөлігін – отбасылық, неке, жер даулары, еңбек шарттары мен басқа да келісімшарттардан туындайтын даулар құрайды. Орталықта кәсіби медиатордан бастап психолог, нотариус, сот орындаушылары, конфликтологтар мен адвокаттардың топтастырылып, тегін кешенді қызмет көрсетуі халықтың жағдайын ойлағаннан қолға алынған игі шара. Елге, ортасына сыйлы азаматтарды медиаторлыққа тартудың да оң ықпалы аз болмады. Өйткені, халық өзі білетін, сөзін тындайтын азаматтардың айтқанына көбірек ден қояды, құлақ асады. Демек, дауды сотқа дейін реттеуде ауыл ақсақалдарының, қоғам белсенділерінің көмегі қомақты. Сонымен қатар, Азаматтық процестік кодекске «Сотқа дейінгі хаттама» институтының енгізілуі тараптардың өз мүмкіндігін бағалауына, татуласуға қадам жасауына ықпал ететін пәрменді тетік. «Сотқа дейінгі хаттама» азаматтардың даукестігін азайтып, қарсы тараптың дәлелдеріне құрметпен қарауға, соған сай шешім қабылдауына көмектеседі.

Қоғамда дауларды соттан тыс реттеудің тәсілдерін насихаттауға қатысты да тәжірибе қалыптасып үлгерді. Бұрын бұл жұмысты тек сот қызметкерлері атқарса, кейінгі кездері медиацияның тиімділігін насихаттауда өзге сала мамандарының да белсенділік танытатынын байқап жүрміз. Жоба нәтижесінде дауларды шешудің мәдениеті қалыптасты, моральдық және материалдық шығын азайды; даукестіктің деңгейі төмендеді және құқық бұзушылықтың алдын алуға мүмкіндік туды. Соның нәтижесінде азаматтардың сотқа кез келген себеппен бара беретін дағдысын өзгертуге қолжеткіздік. Сотта қолға алынған жобалардың қоғамнан қолдау тауып, ел игілігіне мінсіз қызмет етіп жатқанын қуантады.

**Исағали ТҮНҒЫШБАЕВ,**  
**Жаңақорған аудандық сотының судьясы**  
**ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ**



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АЛАН

# БҰҰ – БЕЙБІТШІЛІК КЕПІЛІ

**1992 жылдың наурыз айында Қазақстан Республикасы БҰҰ Бас Ассамблеясының 46 сессиясында осы мәртебелі ұйымның құрамына еніп, халықаралық қатынастың толық құқылы мүшесіне айналды. Халықаралық қауымдастықтың жауапты әрі сенімді қатысушысы ретінде Қазақстан тәуелсіздік алған 30 жыл ішінде теңгерімді сарабдал саясат жүргізіп, БҰҰ-ның халықаралық өзекті мәселелерді шешудегі жетекші рөлін қолдап келеді.**

Өзінің қуаты жағынан әлемдегі төртінші орын алатын ядролық қарудан ерікті түрде бас тартуы арқылы Қазақстан бейбітшілік пен халықаралық қауіпсіздікті нығайтуға, жаппай қырып-жоятын қаруды таратпау тәртібін қалыптастыруға елеулі үлес қосты. 2009 жылы Семей ядролық сынақ аймағы жабылған 29 тамызы БҰҰ Бас Ассамблеясы халықаралық ядролық сынаққа қарсы әрекеттері күні ретінде белгіленді.

Қазақстан Орталық Азиядағы ядролық қарудан бос аймақтың тең құрылтайшысы болып табылады. Қазақстанның

бастамасы бойынша жүйелі түрде БҰҰ Бас Ассамблеясының барлық мемлекеттің қадам сайын ядролық қарусыз әлемге жылжыған шешімі белгіленген «Жалпы адамзаттық ядролық қарудан азат әлемге қол жеткізу декларациясы» қабылданады.

1992 жылы БҰҰ мінберінен Қазақстан бүгінде Азия континентіндегі 27 елді біріктіру арқылы қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың шешуші факторына айналған Азиядағы өзара байланыс пен сенім шаралары бойынша мәжілісті шақыру туралы ұсыныс тастады. Сонымен қатар, еліміз 19 кешенді контрлаңкестік

конвенциялар мен хаттамаларды ратификациялап, БҰҰ-ның контрлаңкестік стратегиясын жүзеге асыруға белсенді қатысады. Қазақстанның бастамасы бойынша 2018 жылы бүгінде 89 ел бірігіп отырған бейбітшілікке қол жеткізу, лаңкестіктен ада әлем тәртібі кодексі жазылып, қол қоюға берілді.

2017 жылдан бастап, Қазақстан Сирия бойынша Астана үрдісінің 17 раундын қабылдады. Еліміз сонымен қатар, алдымен Таяу Шығыстағы қақтығыстар аймағынан әйелдер мен балаларды кері қайтарды.

Қазақстан Ауғанстандағы

жағдайды тұрақтандыру бойынша әлемдік қауымдастықтың ұмтылыстарына да елеулі үлес қосуда. Еліміз тарапынан Ауғанстан тұрғындарына жүйелі көмек көрсетіп, Ауғанстан жастарын Қазақстанда оқытуға гуманитарлық көмек көрсетіп келеді. БҰҰ-ның Ауғанстанға көмек бойынша миссиясы кеңесінің Алматыда ашылуы Қазақстанның осы ұйымдағы рөлінің мойындалуы мен өзіне артылған зор сенімді көрсетеді.

Қазақстан бітімгерлер мен әскери бақылаушыларды БҰҰ миссиясына жіберу арқылы бұл құрылымның бейбітшілікті қолдау бойынша қызметіне белсенді атсалысып, ол мақұлдаған бітімгерлік курстарды жүргізеді. Қазақстанның бұл тұрғыдағы маңызды жұмысының мойындалуының дәлелі еліміздің 2017 – 2018 жылдары ұйымның Қауіпсіздік кеңесіне сайлануы деп айтуға болады.

Биологиялық қауіпсіздік саласындағы бақылау жүйесін күшейту мақсатында, сонымен қатар биологиялық өнімдерді тек бейбітшілік мақсатта пайдаланылуына ықпал ету үшін БҰҰ-ның 75 сессиясында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Биологиялық қауіпсіздік бойынша халықаралық агенттік құру жөнінде ұсыныс жасады.

Республика 2030 жылға дейін Тұрақты дамудағы күнтізбін жүзеге асыруға үлес қосуда. Бұл ретте нақты көрсеткіштерге қолжеткізу үшін Тұрақты даму мақсаты жөніндегі ұлттық архитектура құрылды. Алдағы уақытта қазба отынға жоғары деңгейдегі тәуелсіздікке қарамастан Қазақстан парниктік газдың шығарылуын 2030 жылға қарай 15 пайызға азайтып, 2060 жылдары көмірқышқыл бейтараптылығына қолжеткізуге ниетті.

Қазақстан адамның кешенді құқығы мен бостандығының сақталуына айрықша маңыз береді. Біздің еліміз БҰҰ-ның барлық негізгі конвенциялары мен құжаттарына қосылды. Құқық қорғау саласындағы ұлттық заңнаманы халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру бағытында тұрақты жұмыс

жүргізеді. БҰҰ-ның салалық институттарымен тығыз ынтымақтастық біздің халқаралық міндеттемелеріміздің сапалы түрде жүзеге асуына мүмкіндік береді. Қазақстанның БҰҰ-ның Адам құқы бойынша кеңесіне 2022–2024 жылдарға сайлануы біздің мемлекетіміздің адамның іргелі құқықтары мен міндеттерін ұлттық және халықаралық деңгейде сақтауға деген ынтымақ береді.

Бүгінгі таңда біздің халқымыз экономикалық тұрақты, әлеуметтік әділетті, демократиялық тұрғыда дамыған Жаңа Қазақстан құруға бағыт алып отыр. БҰҰ мүшелігінде болған 30 жылдығын атап өту арқылы Қазақстан тағы да ұйымның жарғысы мен халықаралық құқықтың қағидаттарына адалдығын көрсетеді. БҰҰ тұтас адамзаттың өзекті мәселелерін шешуге қызмет ететін өзгермейтін кешенді ұйым болып қалмақ. Қазақстан алдағы уақытта да БҰҰ-ның рөлі мен беделін көтеруге үлес қосып, жарқын да бақытты болашаққа ұжымдық ұмтылысты жүзеге асыруға атсалыса береді.

**А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,**  
«Заң газеті»

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

## ӘРІПТЕСТІКТІҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Қазақстан көптеген халықаралық ұйымдар жұмысына атсалысып, стратегиялық әріптестермен достық қарым-қатынас орнатты. Бүгінде әлемдік аренада еліміз аймақтық та, жаһандық та үдерістерге белсенді түрде қатысауда. Соның арқасында ел Тәуелсіздігінің отыз жылдығында сыртқы саясатта қол жеткізген табыстарымыз елеулі.



Стратегиялық әріптестер арасында Қытай, Ресей және Орталық Азия елдері бар. Мұның сыртында біздің жетекші сауда және инвестициялық әріптестеріміз Еуроодақ пен АҚШ болып отыр. Еліміздің халықаралық аренадағы беделін ядролық қарудан бас тартқан тарихи қадамымыз айрықша көтерді.

Биыл Азиядағы өзара байланыс және шаралар бойынша мәжіліске 30 жыл толады. Бұл ұйым Қазақстанның БҰҰ Бас Ассамблеясының 47 сессиясында жасаған бастамасы негізінде құрылған болатын. Ұйымның алтыншы саммиті биыл өтеді. Қазақстан бұл мәжілісті кезең-кезең бойынша өзгертуді мақсат етіп отыр.

Еліміз сонымен қатар бірнеше рет бітімгер ретінде қадамдар жасап, көптеген тартыстырды реттеуде делдал болып келеді. Бұл қызметті біздің шетелдік әріптестеріміз мақұлдап, қолдауда. Мұның сыртында, Қазақстан бірқатар халықаралық құрылымдардың құрылтайшысы. Жекелеп айтатын болсақ, еліміз былтыр Түрік кеңесінің қайта құрылуына аталысып, соның арқасында толыққанды ұйым өмірге келді. Мемлекет басшысының айтуынша, еліміз осы қадамының арқасында түркі тілдес елдермен әріптестіктің жаңа сатысына көтерілді.

Екінші өзекті мәселе «экономикалық дипломатияны қайта қарап, өзгерістер енгізу керек. Өйткені, әлемдік экономика пандемия мен карантиндік шаралар шеккен зардаптардың орнын толтыру үшін әртүрлі инвестицияларды тартуда бәсекелестік артуда. Отандық сыртқы саясат ведомствосы осы мәселемен саямақты түрде айналысу керек. Бұл ретте Мемлекет басшысы аймақтағы Қазақстанның позициясын күшейту қажеттігіне маңыз беруде. Біздің экономикамыз көршілес елдерге қарағанда әлдеқайда күшті болғандықтан, Орталық Азиядағы өзінің ерекше мәртебесі жайлы айтуына негіз болатын барлық алғышарттар бар. Бірақ бұл қосымша жауапкершіліктер жүктейді. Осыған орай Президент отандық дипломатияның жаңа келбетін қалыптастыру қажеттігін айтты. Бұл білімді, озық ойлы жастарға қолдау қажеттігін көрсетеді. Өкінішке орай, бүгінде шетелде жүрген білімді мамандар сыртқы саясат ведомствосына қызметке тұруда кедергілерге тап болуда. Мұның өзі кадр саясатында елеулі түрде өзгерістің қажет екендігін көрсетеді.

**А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,**  
«Заң газеті»

ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН

«Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» 2012 жылғы 6 қаңтардағы заңында ұлттық қауіпсіздіктің: қоғамдық, әскери, саяси, экономикалық, ақпараттық және экологиялық деп аталатын 6 түрі аталған. Сондай-ақ, оның 20 негізгі қауіп-қатерлері көрсетілген.

## КИБЕРҚАУІПСІЗДІК ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНА 5 ЖЫЛ

Оның ішінде: ұлттық мүдделердің қорғалу дәрежесінің төмендеуіне ықпал ететін заңдылық пен құқықтық тәртіп деңгейінің төмендеуі; демографиялық ахуалдың және халық денсаулығының нашарлауы; бақылаусыз көші-кон процестері; елдің денсаулық сақтау, білім және зияткерлік әлеуеті деңгейі мен сапасының төмендеуі; Қазақстан халқының мәдени және рухани мұрасынан айырылуы; ұлтаралық және конфессияаралық қақтығыстардан, жаппай тәртіпсіздіктерден көрінетін әлеуметтік және саяси жағдайдың ушығуы; конституциялық құрылысты күштеп өзгертуге бағытталған іс-әрекеттер; кез келген нысандардағы және көріністердегі терроризм, экстремизм мен сепаратизм бар. Заң бойынша ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесін бір-бірімен өзара іс-қимыл жасайтын оны қамтамасыз ету күштері, адамның және азаматтың, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған саяси, құқықтық, ұйымдастырушылық, экономикалық, әскери және өзге де сипаттағы шараларды жүзеге асыратын өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдар құрайды. Сондай-ақ, Қазақстан азаматтары өздерінің Конституция мен өзге де заңдарда көзделген құқықтары мен міндеттерін іске асыру арқылы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады.

Мемлекет басшысының 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар аясында сол жылы 30 маусымда ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген Киберқауіпсіздік тұжырымдамасының қабылданғанына биыл 5 жыл толады. Ол мемлекеттік органдарды ақпараттандыру, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді автоматтандыру, «цифрлы» экономиканы дамыту және өнеркәсіптегі өндірістік процестерді технологиялық жаңғырту перспективалары, ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету аясын кеңейту саласындағы ағымдағы ахуалды бағалауға негізделді. Электрондық ақпараттық ресурстарды, ақпараттық жүйелер

мен телекоммуникация желілерін қорғау, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудың негізгі бағыттарын белгіледі. Мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мониторингіне, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік инциденттерін, оның ішінде әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, төтенше немесе соғыс жағдайларының алдын алу және жедел ден қою тетіктерін жасау тетіктерінің бірлігін қамтамасыз етуге арналған болатын.

Біреу үмітпен, біреу күдікпен қараған бұл тұжырымдама белгілі бір деңгейде өз нәтижесін берді. Мәселен, электронды үкімет порталындағы мәліметке қарағанда Қазақстан қазір киберқауіпсіздік бойынша жаһандық индексте 31-орында тұр. Халықтың киберқауіпсіздік қауіпі туралы хабардар болу деңгейі 78 пайызды, ақпараттық қауіпсіздік саласындағы қызметкерлермен қамтамасыз етілуі 46 пайызды құрайды. Сондай-ақ, 12 ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі жедел орталықтары, 6 компьютерлік



инциденттерге әрекет ету қызметтері (FIRST) бар. Қолданушыларды, олардың ақпараттық жүйелерін, желілері мен бағдарламаларын сандық шабуылдардан қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған киберқауіпсіздік қызметінің маңызын қоғам мүшелері бүгінде айқын сезініп отыр. Өйткені, тұжырымдама қабылданған кезде оған негіз болған проблемалар әлі күнге дейін өзінің өзектілігін жойған жоқ. Интернетті пайдаланушылар санымен қатар дербес компьютерлер мен ұялы құрылғылар үшін зиян келтіретін бағдарламалардың таратылуы қатар өсуде. Ақпараттық қорғау әдістерінен жеткіліксіз хабарлар болмау, ақпараттық қауіпсіздік жүйелерімен қамтамасыз етілудің төмендігі ақпараттық коммуникациялық технологияларды (АКТ) қылмыс жасау үшін құрал ретінде пайдаланатын қылмыскерлермен күресті қиындатуда. Мемлекеттік және жекеменшік секторда да АКТ саласында ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі мамандардың жетіспеушілігі жойылған жоқ. IT саланың отандық секторының ұлттық экономиканы әртараптандыру бағдарламасында үлесі әлі төмен.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**  
«Заң газеті»

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

### ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ КЕЗЕҢІНДЕ БЫЛТЫР БІЛІМ БЕРУ ПОРТАЛДАРЫНА 29 РЕТ ШАБУЫЛ ЖАСАЛДЫ

Компьютерлік инциденттерге әрекет ету орталығының (KZ-CERT) хабарлауынша, интернетке қол жеткізудің бірыңғай шлюзі (ІКБШ) құралдарымен былтыр 82,3 млн шабуыл бұғатталды. Оның ішінде мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарына жасалған 1,4 млн-нан астам шабуылдың 15 мыңнан астамы egov.kz-ке бағытталған.

2021 жылы жаһандық интернет желісінде DDoS-шабуылдар санының артуы салдарынан Казнетте маңыздылық дәрежесі әртүрлі 120 мыңға жуық DDoS-шабуылдар тіркелді. Оның ішінде маңыздылық деңгейі жоғары 109 шабуыл қаржы секторы ұйымдарының ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымына жасалды. Ал мемлекеттік органдарға жасалған 54 шабуылдың 34-і egov.kz-ке бағытталды. Сондай-ақ, қашықтан оқыту кезеңінде білім беру порталдарына жасалған 29 шабуыл тіркелді.

Быыл алашқы тоқсанда 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда орталық мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың желілерінде және квазимемлекеттік секторда зиянды БҚ-ы 2 есе артты.



САРАП

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жыл сайынғы халыққа жолдаулары, қолданыстағы заң актілері, азаматтардың құқықтық мемлекет құруға талпыныстары Қазақстанды шын мәніндегі адам мен азамат құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын қамтамасыз ететін мемлекетке айналдырары сөзсіз. Осыған орай, 2019 жылғы «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты жолдауында Президент шамадан тыс қудалау шаралары мен сот төрелігінің қатаң жазалау тәжірибесінен бас тартқанымызбен, елімізде ауыр қылмыстардың саны азаймай тұрғанын, өйткені заңнаманың ізгілендіруіне көбірек мән беріп, азаматтардың негізгі құқықтарын назардан тыс қалдырып қойғанымызды атап өтті. Бұл ретте, жыныстық зорлық-зомбылық, педофилия, есірткі тарату, адам саудасы, әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық және басқа да ауыр қылмыстарға, әсіресе, балаларға қатысты қылмыстарға қолданылатын жазаны қатайту қажеттілігі айтылды.

Нәтижесінде, 2020 жылы 11 қаңтарда заңды күшіне енген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданды.

Мемлекет басшысының 2022 жылғы «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты жолдауында Құқық қорғау институттарын күшейту мәселесі көтерілді. Конституцияның ең жоғары заңдық күші болғанымен, белгілі бір заң актісі немесе шешім оған сай келе ме деген сұраққа нақты жауап беру қиындық тудыратын кездер болатыны бәрімізге белгілі. Қазақстандағы түрлі құқық нормаларын Конституциялық Кеңес түсіндіреді. Бірақ, азаматтар осындай түсініктеме алу үшін бұл органға тікелей жүгіне алмайды.

Көптеген мемлекетте Конституциялық сот институты бар. Оған кез келген адам өзінің сауалын жолдай алады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мұндай орган Қазақстанда болған. Сарапшылар Ата Заң ережелерінің мүлтіксіз сақталуын осы мекеме тиімді қамтамасыз етеді деп санайды. Президент соны ескере отырып, елімізде Конституциялық сот құруды ұсынды.

Бас прокурор мен Адам құқығы жөніндегі уәкілге де Конституциялық сотқа жүгіну мүмкіндігі берілмек.



Мұрат СОЛТЫМБАЕВ,  
Нұр-Сұлтан қалалық сотының судьясы

## «КІМНІҢ ҰЯТЫ ЖОҚ БОЛСА, ОНЫҢ ИМАНЫ ЖОҚ»

Бұл бастамалар әділ әрі құқықтық мемлекет құру жолындағы маңызды қадам. Сондай-ақ, институционалды тұрғыдан тепе-теңдікті сақтауға ықпал етеді. Оған қоса азаматтарымыздың конституциялық құқығының қорғалуын жақсартта түседі.

Ең маңызды мәселе, еліміз 2020 жылы өлім жазасына тыйым салуды көздейтін Азаматтық және саяси құқықтар туралы екінші факультативтік хаттамаға қосылды. Осы тұста өлім жазасына тыйым салу туралы шешімді біржола бекіту үшін Конституцияға тиісті өзгеріс енгізу қажеттігі нақты айтылды. Азаптауға байланысты қылмысты тергеу ісін Бас прокуратураға беру ұсынылды. Осындай ұстаным тергеудің объективті және бейтарап жүргізілуін қамтамасыз етіп, құқық қорғау саласындағы бассыздықты жазасыз қалдырмау қағидатын бекіте түседі.

Әйелдер мен балаларға зорлық-зомбылық көрсеткендер жазасын қатайту мәселесін жан-жақты зерделеп, біржола шешу Бас прокуратураға тапсырылды. Сондай-ақ, прокуратура және Адам құқығы жөніндегі уәкіл туралы конституциялық заң қабылдау қажеттігі бұрын болмаған жаңашылдық.

Жолдауда барлық деңгейдегі соттар, шын мәнінде, тәуелсіз, ашық және кәсіби болмаса, заң үстемдігін қамтамасыз ету мүмкін еместігі, осыған орай мемлекеттің ауқымды жұмыс жүргізгені атап өтілді. Кадр іріктеудің жаңа жүйесі енгізіліп, сот үдерісі мен рәсімдерінің ашықтығы біртіндеп арта түспек. Бұл ретте, Жоғары Сот Кеңесінің рөлі маңызды, құрылым Президенттің соттарды жасақтау жөніндегі конституциялық өкілеттігін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, судьялардың тәуелсіздігіне және оларға ешкімнің қол сұқпауына кепілдік беріледі. Кеңестің қызметі қоғам үшін толық ашық болуы тиіс. Бұған Жоғары Сот Кеңесінің конкурстық рәсімдерінен онлайн трансляция жасау арқылы қол жеткізуге болады. Сонымен қатар, мұндай конкурстардың қорытындысын нақты дәлелмен түсіндіріп, жариялап отыру қажет.

Алқабилер сот төрелігін жүзеге асыруға қоғам өкілдерінің кеңінен қатысуына жол ашылады. Қазақстанда алқабилер тек аса ауыр қылмыстар бойынша үкім шығара алады. Енді бұл сала одан әрі дамытылып, алқабилердің қарауына берілетін істер санаты кеңеймек. Бұл жаңашылдық сот жүйесін демократия-

ландыруға және оған қоғам сенімін арттыруға мүмкіндік береді.

Алқабилердің қатысуымен қылмыстық істерді қарау институтының Қазақстанда енгізілгеніне 14 жылдан асты. Осы тұста алқабилердің қатысуымен қылмыстық сот ісін жүргізу туралы бірер сөз қозғалым келіп отыр. Алқаби – санасы заң қағидаттарының ықпалынан тәуелсіз, қылмыс жасаған адамның кінәлілігі немесе кінәлі еместігі туралы шешім қабылдаған кезде тек ар-ұятты, әділдікті және өзінің сенімін басшылыққа алатын алқа құрамына қылмыстық істер жүргізу заңының талабына сай іріктеліп алынған адам. Алқабилер соғының мақсаты қылмыстық істерді қарауға және шешуге халық өкілдерін тарту болып табылады. Бұл ретте сот құрамы бір жағынан қылмыстық оқиғаның (фактының) болған немесе болмағанын анықтау және қылмыс болған жағдайда жаза тағайындау мәселелерін шешуге құқық берілген

дамымауының белгілері бар. Қылмыс адамды әлеуметтік, саяси қолдау мен тиісті бақылаудың аздығынан пайда болатынын елімізде болған «қаңтар оқиғасы» дәлелдеп берді. Қылмысты тек кінәліні соттау арқылы, Қылмыстық кодекстің көмегімен ғана жүзеге асыру мүмкін еместігіне дау жоқ. Осы тұрғыда біз ең алдымен, қоғамдық құндылықтарды қайта жаңғыртып, радикализм, экстремистік көзқарас пен әрекеттерден арылуымыз қажет.

Бұл теріс әрекеттер неден туады? Менің пікірімше бұл қоғамдық құндылықтар: адамгершілік, адалдық, әділдік, ар-намыс, ұяттың жоғынан келетін құбылыс. Адамды басқа жан иелерінен ерекшелеп тұратын қасиет – ұят пен ақыл. Егер адам бойында осы екі қасиеттің бірі болып, екіншісі болмаса не болар еді? Ақыл-ойы кемел адамның өзі, егер ұяты болмаса, қоғамдық құндылықтарға түкіре қарайды екен. Сонда ұяты бар адамды қалай танымыз?

кәсіпқой емес алқабилерден, екінші жағынан барлық мәселені құқықтық тұрғыдан шешуге құқылы кәсіпқой судьядан тұрады.

2007 жылдан 2015 жылға дейін алқабилерге тек өлім жазасы мен өмір бойы бас бостандығынан айыру істеріне ғана қатысуға құқық берілген. 2015 жылдан бастап адам ұрлау, адам саудасы, көмелетке толмағандарды қылмысқа тарту, саудаға салу санатындағы істерге қатысу мүмкіндігі пайда болып, сотқа қатысу өкілеттіктері кеңейді. 2023 жылдан бастап алқабилер аса ауыр қылмыстардың барлығына қатысуға міндетті. 2024 жылдан бастап азаптау, жүкті әйелдерді ұрып-соғып қинау, көмелетке толмағандарды азаптау, мал ұрлау, қару қолданып бұзақылық жасау, заңсыз аңшылық, көлікті алкогольді масаң күйінде басқару істеріне алқабилерді қатыстыру жоспарланып отыр.

Жалпы, осы мемлекет тарапынан жүргізіліп отырған жоғарыдағы жаңашылдықтар қылмыстық саясатты құрайды. Қылмыстық саясат қылмыстық заң арқылы қылмыс және оның қоғамға қауіптілігімен күреседі. Әрине, қылмыстың қоғамға қауіптілігі мен салдарында әлеуметтік-саяси саланың

Ғұлама Абай 36-қара сөзінде «Кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы жоқ» деген. Демек, ұят – иманның ажырамас бөлігі. Иман әр адамның бойына ананың ақ сүтімен даритын қасиетті құндылық болғандықтан, оны әркім өз жүрегімен сезінгені дұрыс шығар. Халқымыз «Өлімнен ұят күшті», «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген ғибратты сөзді текке айтпаса керек. Сондықтан адамда ең бірінші рухани күш, патриоттық сезім болуы абзал. Негізгі мәселе – басқаларды басқарудан гөрі, әр адам өзін-өзі игеруге мән бергені ығар. Абайша айтқанда өзіне өзі есеп бер. Өз қадірін білген адам, басқаның да қадірін біле алады, ал басқару соған сай ізет қылады.

Адам егер рухани кедей болса, оның байлығының кімге керегі бар? Керек болса, біз жаратушының, табиғаттың алдында байлығымызбен жауап бермейміз, керісінше рухани құндылығымызбен, санамыз қай деңгейде екендігімен есеп береміз. Әдеп пен моральдық қалпын сақтаған адам өзіне де, еліне де адал қызмет жасайды. Сонда ғана ол осы өмірде өзінің ішкі дүниесінің жұмағына кіруі мүмкін.

ПӘРМЕН

Мал – ауыл халқының күнкөрісі, берекесі. Ол азық қана емес, бүгінгі күні нағыз табыс көзі. Нарықтағы еттің бағасы қымбаттаған сайын, мал басының құны да бұрынғымен салыстырғанда әлдеқайда өскен. Содан болар, өзгенің малын ұрлап оңай жолмен олжалы болғысы келетіндердің де қатары артып келеді.

Елімізде мал ұрлығының алдын алу жұмыстары күшейтіліп отыр. Осы орайда, қоғамдық тәртіпті күшейтіп, адамның құқығы мен бостандығын қорғау мақсатында игілікті жұмыстардың тұрақты жүргізіліп келе жатқанын айта кеткен жөн.

Мал ұрлығына қатысты жауапкершілікті күшейту мәселесі ел Президенті Қ.Тоқаевтың да назарынан тыс қалған жоқ. Соған орай, 2019 жылдың 27 желтоқсанында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы қолданысқа енді.

Жаза қатайып, ауыр қылмыс санатына жатқызылған қылмыстың ішінде мал ұрлығы да бар. Нәтижесінде Қылмыстық кодексе мал ұрлығына қатысты жаңа баппен толықты. Енді 188-баптағы «ұрлық» Қылмыстық кодекстің 188-1-бабы «Мал ұрлау» қылмыс нысанынан бөлек, 188-1-баптың 1-бөлігімен мал ұрлағандардың, яғни, бөтеннің малын жасырын жымқырғандардың алдымен мүлкі тәркіленіп, 3 мың АЕК дейінгі мөлшерде айыппұл салу не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бас жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу, не сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы белгіленеді.

## ҰРЫҒА МАЛ ҚҰТАЙМАС



Ал алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы ірі мөлшерде жасаған мал ұрлығы үшін мүлкі тәркіленіп, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы көзделген. Сондай-ақ, аталған қылмыс бірнеше рет қайталанса, тұрғын үй-жайдың, кәсіпорынның, ұйымның, мекеменің, мал қораның, қашаның немесе өзге де қойманың ауласына кірумен жасалған болса, айыптының мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалады. Мал ұрлығы ұйымдасқан топ тарапынан аса ірі мөлшерде жасалса, көзделген жаза тіпті ауыр. Олар жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылады.

Мал ұрлығына жауапкершіліктің күшейтілуі орынды. Өйткені облыстар мен ауылдық жерлерде мал бірден-бір

табыс көзі. Ал мал ұрлығы орын алған жағдайда халықтың әлеуметтік осал топтары күнкөріссіз қалуы мүмкін.

Мал ұрлығының басым бөлігі жайылымдық жерлерде, көбінесе елді мекендер мен жолдардан едәуір қашықта орналасқан жерде орын алады. Ұрлыққа барардың алдында жағдайды жан-жақты зерделеу, шопандардың немесе бақташылардың бар-жоғын белгілеу, олардың санын, еңбек және демалыс режимін анықтау, байланыс және ескерту құралдарының болуы қалыпты нәрсе. Сондықтан азаматтар алдымен өз малын арнайы таңбалауды ұмытпағаны ләзім. Таңбалау малдың жеке немесе заңды тұлғаға тиесілі екенін растайтын, сот ісін жүргізу процесіндегі маңызды дәлелдердің бірі болып табылады.

Не десек те, Абай ағамыз «қазақтың міні – мал ұрлығы» деп өз за-

манында дөп басып айтқан. Өкінішке қарай, жаза қатайтылса да қылмыстың бұл түрі азаяр емес.

«Сақтықта қорлық жоқ», «Сақтансаң сақтаймын деген». Бүгінгі күні қолданыстағы «чиптің» көмегі мол. Ұры айтып келмейді. Қораңызға құлып салғанды әдетке айналдырған жөн. «Ел ішіндеміз ғой» деген жалған сенімнен арылған абзал.

Малды өріске қараусыз жіберу, мал ұрлығы туралы жедел хабарламау ұрлықтың дер кезінде ашылуына кедергі келтіріп жатады. Сондықтан мал ұрлығына қатысты жауапкершілікті құзырлы органдарға артпай, сақтық мәселесіне азаматтардың өздері де салғырт қарамауы тиіс.

Амангелді аудандық сотында 2021 жылы мал ұрлығына қатысты 4 қылмыстық іс қаралып, бір тұлғаға 2 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығынан шектеу жазасы тағайындалса, 2 тұлғаға 3 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы белгіленген. ҚР ҚК-нің 63-бабын қолданып тағайындалған жаза шартты деп саналып, оған сол мерзімге пробациялық бақылау белгіленген. 1 тұлғаға қатысты медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасы қолданылды. Ал биыл мал ұрлығына қатысты 1 қылмыстық іс, 5 тұлғаға қатысты қаралып жатыр.

Қылмыстың өтеуі – жаза. Оңай олжаға кенелемін деп бостандығынан айырылғандар қателігі өзгелерге сабақ болса игі.

Алтынгүл НАЗАРКУЛОВА,  
Амангелді аудандық сотының судьясы  
КОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

КЕГЕЛ

### Жемқорлық – қоғам қасіреті

Сыбайлас жемқорлық – бұл үнемі мұқият зерттеуді, жүйелі көзқарасты, жан-жақты, жедел әрекет етуді қажет ететін теріс құбылыс. Жемқорлық біздің мемлекеттің ғана емес, бүкіл әлемнің мәселесі.

Елімізде 2015 жылы қабылданған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңда кеселдің алдын алудың негізгі қағидалары дәйектелген. Ол ең алдымен заң мен сот алдындағы теңдікке; мемлекеттік органдардың қызметін нақты құқықтық реттеуге, мұндай қызметтің заңдылығы мен жариялылығын, оған мемлекеттік және қоғамдық бақылауды қамтамасыз етуге; жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіруге, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың зиянды салдарын жою және алдын алуға негізделді.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын анықтау, жолын кесу, алдын алу және оларды жасауға кінәлі адамдарды жауапкершілікке тарту ісін өз құзыреті шегінде прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер және мемлекеттік кірістер департаменті жүзеге асырады.

Қоғамдағы сыбайлас жемқорлықты жою үшін кеселге төзбеу ахуалын қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарын жою керек.

Еркін ПЕРНЕХАН,  
Шымкент қаласы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының бас маманы



СҰХБАТ

Азаматхан ӘМІРТАЙ, «Байтақ болашақ» экологиялық альянсының төрағасы:

# «ТАБИҒАТҚА ДЕГЕН ҚАМҚОРЛЫҚ ТЕК ҚАҒАЗ ЖҮЗІНДЕ»

– Қазақстандағы экологиялық қозғалыстар жұмысын жандандырудағы саяси партиялардың ролі қандай?

– Экономикасы шикізатқа тәуелді ел болғандықтан экологиялық мәселе барлық жерде туындап жатыр. Олар жер үстіндегі өзен-көлдеріміздің ластанып, тартылуынан, өсімдіктер мен жануарлардың азаюынан, мұнайдың төгілуінен туындауда. Мәселен, Теміртауда «Арселлор Миттал», Өскеменде «Kazzing», Жезқазғанда «Қазақмыс», ал батыста мұнай мен газ саласындағы «Tengizchevroil» мен «NCOC» компаниялары экологияға үлкен зардап жасап жатыр. Олардың артында шенеуніктер, олигархтар мен үлкен қаражат тұр. Бұл жерде экологиялық партия ғана ондағы мәселелерден қорғай алады. Басқа жол жоқ. Қоғамдық ұйымдарды олар назарына да алмайды. Сондықтан Қазақстанға қоршаған ортаны, адам денсаулығын қорғап қалу үшін міндетті түрде экологиялық партия керек.

– Әлем жұртшылығы 22 сәуірде Дүниежүзілік жерді қорғау күнін атап өтті. Бізде табиғатты қорғау мәселесі қаншалықты деңгейде жолға қойылған?



– Бізде табиғатты қорғау қағаз жүзінде, сөз жүзінде бар да, нақты іс жүзінде мүлдем қорғалмаған. Оны қалпына келтіру үшін үлкен қаражат қажет. «Жасыл экономиканы» дамытып,

Париж келісімі бойынша шарттарды толық орындауымыз керек. ERG стратегиясын енгізуіміз қажет. Бізде басқа жол жоқ.

– Табиғатты пайдалану кезінде

қауіпсіздікті сақтауды қадағалау жұмысы халықаралық деңгейде жүзеге асып жатыр ма?

– Табиғатты пайдалану кезіндегі қауіпсіздік мәселесі халықаралық ұйымдардың жыл сайынғы саммиттерінде қаралады. 2015 жылы Парижде Климаттың өзгеруін тоқтату келісіміне 196 мемлекет қол қойды. 2016 жылы өз күшіне енген бұл келісімді Қазақстан ратификация жасағанымен, ондағы шарттарды толық орындай алмай жатыр. Экология министрлігі бюрократтық мекемеге айналды. Жұмыста ешқандай нақты нәтиже болмауда.

– Қоршаған ортаны қорғаудағы Үкіметтің жұмысын Парламент қаншалықты қадағалап отыр?

– Заң шығарушы басты орган экологиялық мәселеде мүлдем жұмыс жасап отырған жоқ. Үкімет экологиялық мәселеде тек қана Париж келісімі бойынша төменгі көміртекті ұлттық доктринаны жасаумен қалып отыр. Басқа әрекет байқамадым.

– Парламенттегі экология саласының кәсіби мамандары депутаттық өкілеттігін қаншалықты тиімді пайдалануда?

– Парламентте экология бойынша кәсіби маман бар дегенмен, олардың ешқандай нақты ісін көрмедік. Депутат болғандар экологиялық мәселелерді көтергеннен, жаманатты болмай тыныш отырғанды жөн көретін сияқты.

– Экология саласындағы халықаралық нормалар мен стандарттар біздің елімізде қаншалықты сақталып отыр?

– Халықаралық ең үлкен құжаттың бірі – Париж келісімі. Қазақстан оны ратификация жасап, парник газын төмендетіп, түрлі технологияларға кө-

шуді өз мойнына алды. Бірақ бүгін біз не көріп отырмыз? Бұл бағытта мүлдем ешнәрсе жасалмады. Бәрі тек қана сөз, жұмыс жоқ. Мысалы, араб елдері 18 млрд ағаш отырғызамыз деді, егілген ағаш мәуелі баққа айналды. Қазақстан қанша ағаш отырғызды, ол қалай басталады, қалай істелді, кім жасайды? Бұл мәселенің басы әлі ашық тұр. Сондықтан Қазақстан халықаралық стандарт бойынша Париж келісімі, ISG стратегиясының стандарттарын, тағы да декорбонизация сияқты мәселелердің бәрін ұстанып отырған жоқ. Ұстануы тек, сөз жүзінде. Қаладағы жылу энергиясы орталықтарын қараныз. Жезқазған, Қарағанды, Теміртаудағы үлкен зауыттардың мұржасынан шығып жатқан түгінді өзінді де күнде көресіз. Не өзгерді?

Біз «Арселлор Миттал», «Kazzing», «Қазхром», «Қазақмыс», «Қазфосфат», «Қазақстан алюминий», «Tengizchevroil», «NCOC», «NRG» және тағы басқа да компаниялардан экологияға келген 100 млрд доллар шығынды қайтаруды мақсат етіп отырмыз. Оның 50 млрд долларын бюджетке таяу уақытта қайтару жоспарымызда бар. Ал оған тек партияның ғана әлі жетеді. Ол халықаралық деңгейде серіктестерді қосу үшін керек. Бүгінгі күннің өзінде «Tengizchevroilға» – 15 млрд долларды, «Арселлор Митталға» – 10 млрд долларды, «Қазақмысқа» – 6 млрд долларды, «Kazzingке» – 3 млрд-қа жуық долларды қайтаруды талап етіп отырмыз.

– Бастама сәтті аяқталсын. Сұхбатыңызға рақмет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

МІНБЕР

# КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ – ӘДІЛДІККЕ ЖЕТКІЗЕТІН ҚҰРАЛ

Әр жолдау – өзінше тарих. Елдің ертеңіне бағыт-бағдар нұсқайтын жолдаулардың мемлекет дамуындағы маңызы ерекше. Жолдау осы уақытқа дейін көптеген жаңашылдықтың жүзеге асуына, игі бастаманың қолданысқа енгізілуіне ықпалын тигізді. Биылғы жолдаудың да жаңалығы аз емес. Соның ішінде, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Конституциялық Сот құру туралы ұсынысы көпшіліктің көкейінен шықты. Бұл бастама әділ әрі құқықтық мемлекет құру жолындағы маңызды қадам деп бағаланып отыр.



Сәуле АЙШЕВА,  
Конституциялық Кеңес аппаратының  
Құқықтық қамтамасыз ету және  
халықаралық ынтымақтастық бөлімінің  
бас консультанты

«Көптеген мемлекетте Конституциялық Сот институты бар. Оған кез келген адам өзінің сауалын жолдай алады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мұндай орган Қазақстанда болған. Сарапшылар Ата Заң ережелерінің мүлтіксіз сакталуын осы мекеме тиімді қамтамасыз етеді деп санайды. Соны ескере отырып, мен елімізде Конституциялық Сот құруды ұсынамын», – деді Президент осы ретте. Расында әлем елдерінің құқықтық алаңына шолу жасағанда Конституциялық Соттың Ресей, Беларусь, Армения, Қырғызстан, Әзірбайжан, Өзбекстан, Тәжікстан, Латвия, Литва және Молдова т.б. секілді кеңестік одақ шекпенінен шыққан елдерде орнықты жұмыс істеп келе жатқанын байқауға болады.

Еліміз егемендігін алғаннан кейін халықаралық тәжірибеге сүйене отырып Конституциялық Сот

институты енгізілгені белгілі. Ол 1992 жылы 5 маусымда қабылданған «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» заңға сүйене отырып жұмысын бастаған болатын. Тарих көрсеткендей Конституциялық Сот 1995 жылға дейін нормативтік актілердің Ата Заңымызға сай келуін қадағалап келді. Сонымен бірге, бұл тұста сотқа Конституцияны түсіндіру, азаматтардың конституциялық құқығына қатысты құқық қолдану тәжірибесінің Конституцияға сай келуі туралы істерді қарау, тиісті заңда көрсетілген нақты мәселелер бойынша іс қозғау, құзырет туралы дауларды қарау секілді ерекше құқықтар жүктелді. Дегенмен, 1995 жылғы 30 тамызда Конституцияның қабылдануымен Конституциялық Сот қызметін тоқтатып, Конституциялық Кеңес жұмысын бастаған еді. Бүгінгі күнге дейін Кеңес өзіне жүктелген міндетті жауапкершілікпен атқарды.

Қоғамның дамуы, азаматтардың талап-тілегінің өсуі құқықтық салаға үлкен бетбұрыстар жасау қажеттігін алға шығарып отыр. Осы тұрғыдан алғанда Мемлекет басшының құқық қорғау институттарын күшейтуге ерекше мән беріп, Конституциялық Кеңесті Конституциялық Сотқа алмастыру туралы бастама көтерілуі орынды. Мұндағы басты ұстаным жоғары құқықтық органға жүгінушілер санатына байланысты болса керек. Өйткені, бұған дейін елдегі құқықтық нормаларға кәсіби баға беріп, ол бойынша толыққанды түсіндірме жүргізу Конституциялық Кеңес құзырында болды. Бірақ бұл құзыретті мекемеге қарапайым азаматтардың тікелей жүгінуіне мүмкіндігі болмады. Конституциялық Сот осы олқылықтың орнын толтыруды мақсат етіп отыр.

Әлемдік тәжірибеге сүйеніп кез келген азаматтың құқық мәселесінде туындаған сауалына жедел, сапалы жауап бере алатын Конституциялық Сот құру туралы бастаманың көтерілуі Президенттің ел тілегін еститінін, көпшілік базынасына құлақ асатынын көрсетеді. Бұл органның көмегіне жоғары лауазым иелері, заң шығарушы органдар, қарапайым азаматтармен бірге Бас прокурор мен Адам құқығы жөніндегі уәкілдің де жүгінуіне жол ашылақ.

Үлкен міндеттер жүктеліп, жоғары меже белгіленіп отырған Конституциялық Сот қазақстандықтардың конституциялық құқығының қорғалуын жақсарту түседі деген үміт бар. Сондықтан бұл айрықша мәртебеге ие сотқа елді әділдікке жеткізетін құрал, шындықтың ұшар шыңына жеткізетін баспалдақ деп қараған артық емес.

СОТ СӨЙЛЕСІН

Қазіргі уақытта қылмыстық-процестік саясат пен заңнаманы дамыту және жетілдіру қылмыстық сот ісін жүргізудің жарыспалылық моделін енгізуге бағытталған. Тараптардың жарыспалылығы мен теңқұқылығын арттыру, адвокатураның тәуелсіздігін нығайту бірінші кезекте, қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтарын қорғау кепілдігін күшейтеді. Қылмыстық процессте тараптардың теңдігі мен жарыспалылығы мәселесі істі мәні бойынша қараудың объективтілігі, жан-жақтылығы және толықтығына тікелей байланысты. Бұл қабылданатын сот актілерінің әділдігіне әсер етеді.

# АЗАМАТТАР ҚҰҚЫҒЫН САҚТАУДЫҢ ЖАҢА ҮЛГІСІ

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев қылмыстық процессте тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығын арттыру, сондай-ақ, қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтарын қорғау кепілдігін күшейту туралы үнемі айтып келеді. Соның ішінде сотта прокурор мен адвокаттың нақты жарыспалылығына жағдай жасау қажеттігі басты назарда. Бұл ретте адвокаттардың күшті және тәуелсіз болуы аса маңызды.

Қылмыстық процесстік кодексте сот ісін жүргізуді тараптардың жарыспалылығы мен теңқұқылығы негізінде жүзеге асыруды регламенттеу қарастырылған. Заңға сай процеске қатысатын тараптар тең құқылы, яғни оларға Конституцияға және қылмыстық заңға сай өз ұстанымын қорғауға бірдей мүмкіндік берілген. Қылмыстық процессте тек сот ісін жүргізу сатыларын ғана емес, сонымен қатар іс жүргізудің сотқа дейінгі сатысын да қамтиды.

Айыптау және қорғау тараптарының жарыспалылығы мен тең құқылығы қағидатын нақты сақтау – істерді әділ шешуге, шағымдар санын азайтуға ықпал етеді. Бұл ретте органдар үш буынды модельге сай әрекет ету керек.

Президент Қ.Тоқаев үш буынды модель құру, яғни сот, құқық қорғау органдары және прокуратура арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершілік аясының аражігін айқындау арқылы, жұмыс сапасын

арттырудың маңыздылығы туралы айтқан болатын.

Өткен жылы желтоқсан айында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау органдары, прокуратура және сот арасында өкілеттіктердің және жауапкершілік аясының аражігін ажырата отырып, үш буынды модельді ендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы қабылданып, Қылмыстық-процестік кодексе өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Жаңа модель қылмысты тез ашу, қылмыс жасаған адамдарды қылмыстық жауаптылыққа тарту және әділ сот талқысын жүргізу, азаматтардың құқықтарын қорғау бойынша кепілдікті арттыру мақсатында қылмыстық іс жүргізу заңнамасын тиімді қолдануды көздейді.

Үш буынды модельде қылмыстық процеске үш буын жауап береді – полиция, прокуратура және сот. Бұл құрылымдар арасындағы өкілеттіктер де нақты анықталды. Полиция – қылмыстарды анықтаумен, ашумен және дәлелдер жинаумен айналысады. Содан кейін қылмыстық іс прокуратура жолданады. Дәлелдемелер базасын, күдікті адамға қатысты қылмыстық заңның тиісті баптарының дұрыс қолданылуын тексеру, яғни, қылмыстық істі объективті түрде қарап, айыптау актісін түзіп, оны сотқа жолдау, содан кейін күдікті адамның кінәлілігі жөніндегі дәлелдемелерді сотқа тарту

прокуратура міндеттелген. Ал іс бойынша түпкілікті шешім шығару, бұрынғыдай соттың құзыретінде. Бұл азаматтар құқығын сақтаудың өзіндік фильтрі және заңды кепілдігі. Әр орган нақты бір қылмысты ашуда, күдікті адамды анықтауда және оның кінәсін дәлелдеуде өзіне жүктелген процесстік міндетін, іске қатысы бар адамдардың конституциялық құқығын сақтай отырып, жұмысын заңда бекітілген тәртіпте әділ, заңды атқарған жағдайда, қылмыс дер кезінде ашылып, аз уақыт ішінде қылмыстық іс сотқа жолданып, кінәлі адам тиісті жазасын алады. Сонда қылмыстық процесстегі тараптардың бәсекелестігі, одан туындайтын басты мәселелер, тараптардың теңдігі, қылмыстық процесстегі қорғаушының ролі талапқа сай іске асырылатын болады. Мемлекеттік айыптаушылар мен қорғаушылар сот талқылауында белсенділік танытса, тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы күшейе түседі.

Жалпы, әлемдік құқықтық-конституциялық тәжірибе ешқашан бір орында тұрмайды. Уақыт талабына сай үнемі өзгеріп, толықтырылып келеді. Қазақстан өркениетті мемлекет ретінде бүкіләлемдік талаптарға сай келетін құқықтық тәжірибемен жұмыс жасауы керек.

Аида БҰЛАҚБАЕВА,  
Ақтау қалалық сотының  
судьясы



ЖАСЫЛ ЕЛ

# ЕЛДЕ ЕКІ МИЛЛИАРД АҒАШ ЕГІЛМЕК

(Соңы. Басы 1-бетте)

Интерактивті картаны құрудың мақсаты – тұрақты дамуды қамтамасыз ету және тиімділікті арттыру мақсатында геоақпараттық жүйелерді қолдануға негізделген еліміз бойынша 2 млрд ағаш егуді қоғамдық бақылау және мониторингілеу құралын құру.

Интерактивті карта негізінде орман орналастыру материалдары жатқан мемлекеттік орман қорының атрибуттік ақпараты бар геосервис болып табылады. Геосервисе орман орналастыру материалдары телімдердің таксациялық сипаттамасы түрінде атрибуттік ақпараты бар векторлық сандық карталар түрінде ұсынылған.



«Қартаға енгізілген орман мекемелерінің, орманшылықтардың, орамдардың, телімдердің шекаралары көрсетілген таксациялық сипаттамасы бар карталар қабаттары және ай сайын жаңартылып отыратын аса жоғары кеңістіктік рұқсаттағы ғарыш түсірілімдері, ағаш отырғызу, тұқым дайындау, тұқымбақтар жабаттары мәліметтер автоматты түрде дерекқорға түседі және барлық пайдаланушылар үшін қолжетімді болады. Ең маңыздысы, ҰЕҰ мен мүдделі жандарға суреттер мен бейнематериалдарды, ағаш отырғызу және күтіп-баптау жұмыстары туралы түсінік беріліп, мониторинг жүргізіледі, сөйтіп, атқарылған істердің ашықтығын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, Android OS және IOS платформалары үшін инспекторлардың ағаш отырғызу туралы ақпаратты өз бетінше толықтыруға және көрсетуге мүмкіндік беретін мобильді қосымша жасалған», – дейді «Қазақ орман орналастыру кәсіпорны» РМҚК директорының орынбасары Нұрлан Сүлейменов.

## САПАЛЫ КӨШЕТТЕР ҚАЙДА ӨСІРІЛЕДІ?

Бұл сауалдың жауабын ҚР ЭГТМР Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетіне қарасты «Республикалық орман селекциялық-тұқым орталығының» зертханасынан таптық. Мұнда мамандар микроклондау арқылы одан әрі жаппай тарату үшін вируссыз, генетикалық біртекті отырғызу материалын алумен айналысады.



Орталықтың оңтүстік-шығыс аймақтық филиалының директоры Болат Сәтімбаевтың айтуынша, бұл – өсімдіктің барлық негізгі генетикалық ерекшеліктері сақталатын жеделдетілген вегетативті көбею әдістерінің бірі. Ол дәстүрлі көбею әдістеріне қарағанда бірқатар артықшылықтарға ие. Біріншіден, алынған барлық клондар – вирустардан босатылған бастапқы «ата-аналық» өсімдіктің абсолютті генетикалық көшірмелері. Екіншіден, бір донор өсімдіктен көптеген ұрпақ алуға болады. Қазіргі уақытта мұнда Сиверс алмасының 2 мың дана көшеті өсіріледі. Бастапқы материал ретінде «Іле Алатауы» МҰТП генетикалық резерватында жиналған Сиверс алма ағашының тұқымдары пайдаланылды. Бұдан басқа бұта тұқымдас қайың мен көктеректің түрлерінің гендері өсіріледі.

## «JASYL ALMATY» АКЦИЯСЫ

Оңтүстік астанада 2022 жылы 350 мың жасыл желек егілмек. Оның ішінде биылғы көктемде 72 346 көшет отырғызылып үлгерді. Қалған 277 654 жас көшетті отырғызу 2022 жылдың күзінде жалғасады. Осылайша 1 миллион ағаш

отырғызу жоспарланған Jasyl Almaty акциясы өз мәресіне жетпек.

Алматы қаласы Жасыл экономика басқармасы басшысының міндетін атқарушы Серік Әділбаевтың айтуынша, бүгінде мегаполисте 705 мың көшет отырғызылған. Көшеттер негізінен магистралды жолдар мен жолайрықтардың, теміржолдар бойында, көп пәтерлі тұрғын үй кешендерінің аумақтарында, өзен жағалауларында, саябақ және санитарлық-қорғау аймақтарында отырғызылмақ.



«Ағаш отырғызу кезінде дендролог ғалымдардың ұсынымдары ескерілді, олар кәдімгі қарағай, қазақстандық терек, ұсақ жапырақты қарағай, қайың, шаған, жалған акация, сүйір жапырақты үйеңкі, каштан, робиния, көпіршік, долана, алма, өрік отырғызуды ұсынады. Қалада Алматы тұрғындарына көшеттерді тегін тарату бойынша «Жасыл аула» акциясы жалғасады. Күзде мегаполис тұрғындарына 2 мыңға жуық көшет тарату жоспарланып отыр», – деп атап өтті С.Әділбаев.

Сонымен қатар, Серік Әділбаев Алматыны гүл композицияларымен және гүлзарлармен безендіру жұмыстары туралы да айтып берді. Оның айтуынша, сәндік гүлмен көгалдандырудың жалпы көлемі шамамен 159 мың шаршы метрді құрайды. Сәуір айында басталған гүл егу жұмыстары 10 мамырға дейін жалғасады. Мегаполистің сегіз ауданында колабус, абба, династи, стронг голд, лалибела, ляп топ және т.б. гүлдер отырғызылмақ. Бұл жұмыстарды жүзеге асыратын мердігерлік ұйымдармен жалпы сомасы 2,1 млрд теңгені құрайтын 10 келісімшарт жасалған.

Бұдан басқа, бұрынғы көпжылдық



өсімдіктерге күтім жасау да назардан тыс қалмайды. Сондай-ақ, 26 мың шаршы метр алаңға көгал егіледі. Біржылдық және көпжылдық гүлзарларды отырғызу 2023 жылға дейін жалғаса бермек.

## АПАТТЫ ЖАҒДАЙДАҒЫ АҒАШТАР

Жасыл экономика басқармасының ақпараты бойынша, Алматы қаласында түгендеуден және орман патологиялық зерттеуден өткен 2 802 737 ағаш өседі. Оның ішінде 84 628 ағаш апатты жағдайда, яғни адамның өмірі мен денсаулығына, мүлкіне, инфрақұрылым нысандарына қауіп төндіретін қураған ағаштар. Олар негізінен қаланың орталық бөлігінде және тыныш аудандарда көп. Биылдың өзінде қураған 185 ағаш діні мен 57 ірі бұтақтың құлау жағдайы тіркелді.

Осыған орай мамандар ағашты қураған бұтақтардан арылтуға бағытталған санитарлық кесу жұмыстары ұдайы жүргізіліп тұратынын айтады. Соның нәтижесінде, тәж сауығады, ағаштың немесе қабықтың әртүрлі ауруларының пайда болу ықтималдығы төмендейді.

Жасыл желектердің тәжін санитарлық жасартатын және пішіндейтін кесуді жүзеге асыратын аудандық әкімдіктер жыл сайын 61 мың ағаштың қураған бұтақтарын, ал дінінің тек қабығы ғана

қалған, айналаға қауіп төндіріп тұрған ағаштарды түбінен кесіп тастайды. «Бір тал кескен, он тал ек» деген халықтық қағиданы берік ұстанған жергілікті билік кесілген 1,9 мың ағаштың орнына 19 мың көшет отырғызуды міндетіне алған. Арнайы осы мақсатқа бюджеттен 54 млн теңге де бөлінген. Бұл өз кезегінде Алматы қаласының өсімдік қорын жаңартуға септігін тигізетіні сөзсіз.

Құзырлы органдардың мәліметіне сүйенсек, ағаштарды кесу және қайта отырғызу Алматы қаласы Жасыл экономика басқармасының рұқсатымен жүзеге асырылады. Ағаштарды кесуге рұқсат алу үшін белгіленген тәртіппен құжаттарды электрондық нысанда E-gov (e-license – қоршаған ортаны қорғау – ағаштарды кесуге рұқсат беру – Қызметке онлайн тапсырыс беру) электрондық үкіметі арқылы жіберу қажет.

Ал шығынды өтеу жағдайлары туралы айтқан Серік Әділбаев жасыл желектер құлаған кезде мүлікке зақым келген жағдайда, 5 метрге дейінгі ара қашықтықта орналасқан іргелес аумақтың иесі жауапты екенін атап өтті. Жалпы пайдаланылатын жерлерде жауапкершілік осы уәдеске қызмет көрсететін көгалдандыру жөніндегі ұйымдарға немесе аудан әкімдігіне бекітілген. Сондай-ақ, ол шығынды өтеу процесі жеке сипатқа ие екенін және оның әдетте сот арқылы қаралатынын жеткізді.

Айгүл АХМЕТОВА,  
«Заң газеті»

КӨЗҚАРАС

# ГЕНДЕРЛІК КЕМСІТУГЕ ОРЫН ЖОҚ

**Бүкіл адамзатқа тән ізгілік идеясы теңқұбылықты, адамдардың бостандығы мен еркіндігін насихаттайды. Оның ішінде гендерлік теңдік мәселесі алдыңғы орында. Конституциядан бастау алатын заңдар да әйел теңдігі, бостандығы мен бас азаттығына кепілдік береді.**

Қазақстан бұл мәселеде барлық халықаралық нормаларға үн қосып, әйел теңдігі мен еркіндігіне қатысты оң бастамаларға мұрындық болып жүр. Елдегі Неке және отбасы кодексі, гендерлік саясатқа арналған құқықтық бағдарламалардың барлығы мемлекеттегі әйелдер мен ерлердің адамдық, азаматтық бағыттарға негізделетін ізгілік нормаларын қарастырады. Мәселен, 2016 жылы Қазақстан «2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын бекіту туралы» стратегиялық бағдарлама қабылдады.

Қазақ қоғамындағы гендерлік алалау мен гендерлік қиянат әйелдер мен балаларға қатысты көп орын алады. Мысалы, қазір жергілікті соттар мен құқық қорғаушыларға отбасындағы жанжал, ұрыс керіс, ажырасу мәселесімен шағымданатын адамдар көп. Ақтөбе қалалық сотына шағымданған Ж-ның

проблемасын осындай гендерлік дауға қатысты туындаған жанжалға жатқызуға болады. А-есімді жолдасы мектепте жұмыс істейтін жарын қызғанып, жұмыс істеуге мүлдем мүмкіндік бермеген. Бала қарап үй шаруасымен айналысуын талап етіп, бірнеше мәрте дау-жанжал кезінде оған қол жұмсаған. Шарасыз келіншек сотқа шағымданды. Медиациялық тәсілмен шешілген дау біздегі гендерлік теңдік, гендерлік саясат мәселесінде әлі болса олқылықтар бар екендігін көрсетеді.

Қазақстан БҰҰ-ның әйелдерді кемсітушілікке жол бермеу мен әлеуметтік теңдікті орнатуға қатысты барлық хаттама, конвенцияларына қол қойған. Соған сай, тәуелсіздік жылдарынан бері елде мемлекеттік органдар мен осы мәселеге қатысты қоғамдық ұйымдар арасында бірлескен әртүрлі жобалар жұмыс істейді. Ана мен бала денсаулығын жақсарту,



А. МАМБЕТКАЗІЕВА,  
Ақтөбе қалалық сотының  
судьясы

олардың қоғамдағы орнын айқындау, мемлекеттегі жетекші органдардағы әйелдер статусын ерлермен тең дәрежеге көтеру секілді мәселеде Қазақстан Орта Азияда озық.

Десек те, ел арасында тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырап, жәбір көретіндер бар. Елдегі дағдарыс орталықтары да бұндай келеңсіздікке әйелдер мен балалардың көп ұшырайтынын айтады. Әлеуметтанушылар мен психологтар бұл теріс үрдістің себебі көп ретте әлеуметтік жағдайдың

нашарлығынан дейді. Одан кейінгі себептердің бірі маскүнемдік пен моральдық құлдырау, қызғаншақтық. Құқықтық тұрғыдан, еш ақтауға келмейтін мұндай келеңсіздіктердің бәрі заң бұзушылыққа жатады және оларға ҚР заңдары негізінде жауапкершіліктер көзделген. Мысалы, ҚР Конституциясының 14-бабында: «1. Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. 2. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымна, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» – делінген. Неке және отбасы туралы кодексте Ата Заңнан бастау алатын бұл заңдылықтарды нақтылай түседі. Сондықтан, заң мен халқын сыйлайтын кез келген азамат гендерлік теңдік ұстанымында да толерантты, ашық көзқараста болу керек. Қазақстан – демократиялы, зайырлы мемлекет. Ендеше, азаматтық қоғамға ұмтылған дамушы елдерде мұндай зорлық-зомбылыққа жол берілмеуі тиіс. Қоғамдық ашық талқыда – мектептегі білім жүйесінде жастар мен жасөспірімдерге гендерлік теңдік пен барлық азаматтардың теңқұқылығы жайлы мәселелер көтеріліп, ашық диалогтар жүргізіп отырса тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың жолы кесілер еді.

МӘМІЛЕ

**Жалпы алғанда, елімізде әрбір екінші адам сотқа жүгінеді. Өйткені, қарапайым халық дау-жанжады сотқа жеткізбей-ақ, медиацияның көмегімен шешуге болатынын ескермейді.**

## МЕДИАТОРЛАР САНЫН КӨБЕЙТУ КЕРЕК

Медиаторларды қайдан табуға болатынын, олардың алдына не мәселемен бару керектігін білмейтіндер де баршылық. Өйткені, бұл саланы көбісі біле бермейді. Сондай-ақ, бұған қазақ тілді медиаторлардың аздығы да себеп болып тұр деп ойлаймын. Медиация туралы заң қабылданғанда бұқаралық ақпарат құралдары жарыса ақпараттың кейіннен мүлдем ұмыт қалды. Яғни, медиация белгілі бір даулы мәселені реттейтін институт екені жөнінде ақпараттық насихат жұмыстары ақсап тұрғаны белгілі.

Жоғарыда айтқанымыздай, басым жұртшылық медиаторлардың көмегімен тығырыққа тірелген шаруасының шешілетінінен әлі де хабарсыз және нақты сене қоймайтын көрінеді.

Медиаторлар көмегіне жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын,

сондай-ақ, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын дауларды шешу үшін жүгіне алады. Сыбайлас жемқорлық қылмыстар және мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша медиация рәсімі қолданылмайтын айта кету керек.

Медиация – тараптардың ортақ өзара келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың көмегімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі болып табылады.

Б.КУШКИНБАЙ,  
Маңғыстау облысы  
қылмыстық істер жөніндегі  
мамандандырылған  
ауданаралық  
сотының приставы



**КИЕ**



**Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол – ұлттық діліміз көрініс табатын әлеуметтік құбылысы.**

Қазіргі таңда мемлекеттік органдар мен ұйымдарда, қоғамның жан-жақты салаларында мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мақсатында нақты қадамдар жасалуда. Басты мақсат – тілдік мұраны сақтап, қоғамдық өмірдің барлық саласында қазақ тілінің қолданылуын қамтамасыз етіп, оның барынша дамуына қол жеткізу. 1989 жылғы

# АЛТЫН ДІҢГЕК

«Тіл туралы» заң, алғашқы Конституция қабылданар тұстағы талас-тартыс, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесінің бекітілуі, мұны нығайта түсу үшін 1997 жылы Тіл туралы жаңа заң қабылданды. «Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту туралы», «Тілдер туралы заңдардың сақталуына бақылау жасаудың тәртібі туралы ереже», «Мемлекеттік тілде құжат дайындауды жүзеге асыратын әкімшілік қызметшілерді көтермелеу туралы» қаулылары қабылданды.

Ана тілдің кенінен қолданылуы қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі. ҚР Конституциясының 7-бабына сәйкес, елімізде мемлекеттік тіл – қазақ тілі болып табылатыны баршамызға мәлім. Осы аталған баптың 2-бөлігіне сәйкес, мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ

тілімен тең қолданылатыны көрсетілген. Қазіргі таңда Ақтау гарнизонының әскери сотының ішкі және шығыс құжаттары 100 пайыз қазақ тілінде дайындалады. Ал кіріс құжаттар мемлекеттік және ресми тілде түседі. Ресми тілде сот кеңсесіне келіп түскен құжаттар міндетті түрде қабылданып, оларға жауап мемлекеттік және орыс тілінде беріледі.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келер болсам, тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Тіл мәртебесі – ел мерейі. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Әлем таныған ел болу үшін тіліміздің жұлдызын биіктетуіміз керек.

**Қолғанат Жанаргүл**  
**Қарақия аудандық сотының кенсе менгерушісі**  
**МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ**



Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментімен бірлесіп, кәсіпкерлерге мемлекеттік қызметтерді алу кезінде қолдау және көмек көрсету бойынша ұйымдастырған «Qoldau» кезекті акциясына шақырады.

Акция апта сайын бейсенбі күндері кестеге сәйкес Алматы қаласы бойынша аудандық және инфрақұрылымға сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін өткізіледі. **Барлық келем деушілерді 28.04.2022 жылы Алматы қаласы Алматы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасына шақырамыз. Мекенжайы Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы 93/95.**

Сіздің қатысуыңыз маңызды, ол бізге жақсы болуға көмектеседі! Салық бойынша толығырақ 1414 немесе @almaly.salyu.kz басқарма сайтында біле аласыз!

**НАРЫҚ**

# ҚАЗАҚСТАН ДАМУ БАНКІ 399,1 МЛРД ТЕНГЕ ИНВЕСТИЦИЯ САЛДЫ

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингінің еншілес ұйымы саналатын «Қазақстан даму банкі» АҚ-ы 2021 жылғы шоғырландырылған қаржылық есебін жариялады.

Қаржы институты былтыр өңдеу өнеркәсібіне 399,1 млрд теңге және инфрақұрылымға 134,1 млрд теңге инвестиция салды. Оның қатысумен 37 ірі жоба қаржыландырылып, 7 кәсіпорын жаңғыртылып, пайдалануға берілді және онда 1,9 мыңға жуық тұрақты жұмыс орны құрылды.

2021 жылы банк 500 млн доллар және 100 млрд теңге сомасына еурооблигациялар шығаруды жүзеге асырды. Жергілікті капитал нарығынан тартылған қаражат көлемі 154,4 млрд теңге және халықаралық қаржы институттарынан тартылған қаражат 155,5 млн доллар шамасында болды. Ол қазір теңгемен еурооблигацияларды төрт рет сәтті шығарған жалғыз қазақстандық эмитент болып отыр.

Басқарма төрағасының қаржылық басқару мәселелері жөніндегі орынбасары Ботагөз Әбішеваның айтуынша, Қазақстан даму банкінің барлық негізгі қаржылық көрсеткіштері былтыр өсу серпінін жалғастырды. Пайданың ұлғаюы банктің таза пайыздық кірісінің өсуімен, сондай-ақ, клиенттерге берілген қарыздарды толық және ішінара мерзімінен бұрын өтеуден түскен жоспардан тыс кірістер үлесіне байланысты болды. Атап айтқанда, операциялық пайда 60,5-тен 78,1 млрд теңгеге (29%), салық салынғанға дейінгі пайда 23,2-ден 34 млрд теңгеге (46%) өсті. Жалпы жиынтық табыс 23,1-ден 27,1 млрд теңгеге (17%), жалпы активтер 3,1-ден 3,7 трлн теңгеге (21%) ұлғайды. Жалпы міндеттемелер 2,6-дан 3,2 трлн теңгеге (23,6%), меншікті капитал 512-ден 556,8 млрд теңгеге (8,7%) дейін өсті.

**Е.КЕБЕКБАЙ,**  
**«Заң газеті»**

**ПРОБАЦИЯ**

# СОТТАЛҒАНДАРҒА ЭЛЕКТРОНДЫ БІЛЕЗІК ТАҒЫЛА БАСТАДЫ

Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаға сотталғандарға арналған электрондық білезіктерді ШҚО бойынша ҚАЖД Үржар аудандық №1 пробация қызметінде де қолданыла бастады. Атап айтқанда педофильдерге, ауыр қылмыс жасағандарға, жазаны өтеу шарттарын үнемі бұзатындарға бұдан былай білезіктер тағылады. Оларға түнгі уақытта үйден шығуға, ескертусіз тұрғылықты жерінен тыс жерлерге сапар шегуге тыйым салынған. Мұның бәрін алдағы уақытта пробация қызметкерлері бақылай алады.

Білезікті шешуге тырысқанда, бақылау монитормының экранында бұзушылық туралы белгі пайда болады. Белгіленген тыйым салуларды бұзу, электрондық бақылау құралдарын қолданудан бас тарту немесе жабдықты бұздыру анықталған кезде пробация қызметі бас

бостандығынан айыру жазасының түрін өзгерту туралы мәселені қарау үшін материалдарды сотқа береді. Есепке алынған адамдарды қашықтан бақылау құралдары сотталғандардың қайта қылмыс жасау тәуекелдерін барынша азайтуға және пробация қызметінің бақылау сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Қалған сотталғандар үшін мобильды құрылғыларда арнайы қосымшаны пайдалану көзделеді. Алдағы уақытта пробация қызметінің есебінде тұрған барлық сотталғандарға электронды бақылау құралдарын қолдану практикасын кеңейту жоспарлануда.

**Э.МУКИТАНОВА,**  
**ШҚО бойынша ҚАЖД Үржар аудандық №1 пробация қызметінің аға инспекторы, Әділет қызметкері**

# ЖАРНАМА

**ӨРТУРА**

6. «Калкаман Агро» ЖШС (БИН 041140005162) барлық қатысушыларға кезектен тыс жалпы жиналыстың өтетіндігін хабарлайды.

Жалпы жиналыс келесі мекенжай бойынша өткізіледі: Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, Алматы көшесі, 13, ВП-4 кеңсесі.

Жалпы жиналыстың өтетін уақыты: 26 мамыр 2022 жыл, сағат 14:00-де.

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

«Қалкаман Агро» ЖШС мүлкін  
«ҚазАгроКаржы» АҚ кепіліге беру.

11. Қостанай облысы әкімдігі Білім басқармасының «Қостанай ауданының Білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі 2022 жылғы 4-27 сәуір аралығында аудандық «Үздік білім беру ұйымы» грантын беру байқауын өткізеді. Білім беру ұйымдарына байқау материалдарын Қостанай облысы әкімдігі Білім басқармасының «Қостанай ауданының Білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне, Тобыл қаласы Школьная көшесі 4 мекенжайына 2022 жылғы 21 сәуірге дейін тапсыру қажет. Анықтамa 8714(55)37280 телефон нөмірі бойынша.

**БАНКРОТТЫҚ**

2. Павлодар облысының МАЭС-ның 20.04.2022ж. ұйғарымымен «ARMAN-TOUR» ЖШС-нің, БСН 120340022015, банкроттығы туралы азаматтық іс қозғалды.

5. Қарағанды облысының МАЭС-ның 21.04.2022ж. ұйғарымымен «ГрандПроект» ЖШС-не қатысты банкроттығы туралы іс қозғалды.

**МҰРАГЕРЛІК**

3. 16.12.2021 ж. қайтыс болған, 01.11.1938 ж.т. Шахан Пайызрахманның артынан мұра ашылды. Мұрагерлер Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, 3В үй мекенжайы бойынша нотариус М.К. Бердалиеваға келулеріңіз керек. Тел.: 8702772722, 87015208516.

4. 23.10.2021 ж. қайтыс болған Акимов Шамшетдиннің артынан мұра ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, Түркістан қаласы, Тәуке хан көшесі, 278Б мекенжайы бойынша нотариус Б.Д. Дахановаға келулеріңіз керек. Тел.: 87014653617.

**ТАРАТУ**

7. Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің жанындағы Көкшетау қаласының «Шұғыла» мектепке дейінгі шағын орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (БСН 111140000226) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Жұмағали Саин көшесі, 26А үйі.

8. «Фонд Демеу» жеке қоры (БСН 130540021254) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Нұр-Сұлтан қаласы, «Самал» шағынауданы, 12 ғимарат, 4 қабат.

9. «Арал-Тал» ЖШС, БСН 981240015377, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Бөрлі ауданы, Пугачев ауылдық округі, Пугачев ауылы, атауы жок көше, н/ж үйі.

10. «Жайық Май» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 131240011615, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, Подстепное кенті, Гагарин көшесі, 32 үйі.

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**

Алматы қаласы  
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zanreklama@mail.ru  
zanreklama.kz

**ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:**

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaiy.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaidybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.  
ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.  
«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ша/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұргисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-al@gmail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argawka\_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 870584147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)50222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Вьдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.



БИТІМ

«Шабыспақ оңай, табысқан қиын» дейді ата даналығы. Бұл сөзге тоқтаған халықтың даулы істерді шешудегі ұлағатты ұстанымы – мәміле болатын. Себебі, жасы үлкен дананың, ақылы асса баланың сөзіне тоқтау қазақ тарихында ежелден бар дәстүр. Міне, осы асыл сабақтастық бүгінде медиация, бітім есебінде бізге жетті. Сот төрелігінің әділетті институты тәуелсіздік жылдарынан бері қарай процестерді ізгілендіру, гуманизация мәселесін алға шығарып, медиациялық әдіс кейінгі сот төреліктерінде өзін өзі ақтайтын игілікті іске айналды.

ИГІЛІК БАСЫ – ЫНТЫМАҚ

Елде табысты жүзеге асып жатқан процестердің бірі болса да, медиация әлі жетілдірілуді, қолданылу аясын кеңейтуді қажет етеді. Ол сот саласындағы жүктемелі азайтуға сеп.

Медиация елді бірлікке, татулыққа үндейді. Ел бірлігінің нығайып, өзге ұлт пен ұлыс өкілдерінің кең шаңырақты ортақ Отан санап, ынтымақтаса өмір сүруі де халықтың осындай аталы сөзге тоқтап, дауды бейбіт жолмен шешуге ұмтылатын кендігінің арқасы. Сот саласында кейінгі кездері медиаторлардың көмегіне жүгінушілер қатары артып келеді. Азаматтық, әкімшілік, кей жағдайларда тіпті, ауырлығы орташа қылмыстық істер де осы тәсілге иек артады. Бұл жерде әрине бірінші кезекте тараптар маңызды рөлге ие. Олар дауды өзара келісім, бейбіт жолмен шешуге ниеттенсе онда сот процесі өндірістен тоқтап, медиативті әдіс жүзеге асады. Қоғамда бүгінгі таңда алаяқтық істер өте көп орын алуда. Көп адам тез ба-

йып кету, оңай олжаға бірден ие бола қалу секілді иллюзияға сеніп қалады. Осының салдарынан аңқау елге арам-за молда да табылып, алаяқтықпен айналысушылар қатары артуда. Бірақ бұл қылмыстың да жеңіл-ауырлығына байланысты заңдық сатылануы бар. Шағымданушы тарап кей кездері мұндай істерде шығыны толық өтелсе істі медиациялық әдіске көшіруге өздері ұсыныс беріп жатады. Сонымен қатар, ажырасуға шағым түсірушілер арасында да медиациялық жолмен татуласып немесе даусыз екіге айырылып кететін ерлі-зайыптылар да бар. Соңғы кездердегі ажырасу статистикасы бұл мәселедегі сандардың елде қатты өсіп келе жатқанын дәлелдейді. Әлеуметтік статустан да бұл жерде адами фактор үлкен маңызға ие. Сол себепті медиаторлар істің бейбіт әрі даусыз біткенін қалайды. Отбасының тұтастығы мен маңызын, қоғамдағы статусы мен орнын екі тарапқа да түсіндіреді. Көп

жағдайда олар әрине осы медиациялық әдіске тоқтайды. Бұл медиациядағы үлкен жетістік. Ал егер де медиатор тараптарды ортақ мәмілеге келтіре алмаса онда дау сот арқылы шешіледі.

Кейінгі жылдары елімізде медиация институтын дамыту, сотқа дейінгі және соттағы татуластыру рәсімдерін жандандыру шаралары ерекше қарқынмен

дамып жатыр. Соған сәйкес қарапайым халықта сот ашықтығын осындай нақты мысалдар арқылы ғана мойындайды, әділеттілігіне көз жеткізеді. Бүгінгі таңда халықтың сауаты артқан, кез келген істі әуелден саралап, байыпшен үйреніп келеді. Бұл медиацияның болашақта қадамының кеңейе түсетінін көрсетеді. Медиация тіркесі енгізіліп жүзеге аса бастағалы бері сот процесіндегі қағазбастылық пен маман жүктемелері азайды. Себебі, татуласу, ымыраға келу сот процесінің тереңдеуіне, ары қарайғы сатыларының көбеюіне тоқтау қояды. Медиациямен біткен істер тараптардың ары қарайғы дауын ұлғайтпай, өзара сыйластыққа қалуына негіз. Татулық бар жерде қашанда береке жүреді. Берекелі елде тыныштық пен ынтымақ салтанат құрады.

И. САРКУЛОВ,  
Мақтаарал аудандық сотының судьясы  
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ОҢ ҚАДАМ

Бүгінде сот жүйесін жетілдіру мен жаңғырту жолында іске қосылған электронды технологиялардың нәтижесінде соттағы бітпейтін кезектер жойылып, судья жүктемесі азайып, қағаз, қаламмен тіркелетін құжат айналымын электронды жүйелер толығымен алмастырды. Осылайша сот жүйесі дамудың жаңа кезеңіне өткенін аңғардық. Дегенмен мұнымен тоқтап қалмай әлі де болса цифрландырудың жаңа өзгерістеріне бейімделу үстінде.

ЦИФРЛАНДЫРУ – БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІМІЗДІ АҢҒАРТТЫ

Мәселен жақында ғана Жоғарғы Сот жанындағы Халықаралық кеңес отырысында сот төрелігін одан әрі цифрландыру мәселелері талқыланып, Жоғарғы Сот органының төрағасы Жакып Асанов қазақстандық соттар IT сервистер арқылы сот төрелігіне қолжетімділікті кеңейтуді көздеп отырғандығын атап өтті. Қазірдің өзінде сот жүйесінде жылына 7 миллиондай электронды құжат тіркеліп, соттар Big data технологиясын қолданып, аумақаралық соттылық, роботтандыру элементтеріне негізделген цифрлық сот талдауы енгізілуде. Сондықтан еліміздің сот төрелігі толығымен электронды форматқа көшірілді деп айта аламыз. Дегенмен, дамудың бұл кезеңімен тоқтап қалмай соттардың ашықтығын артты-

рып, жеке деректерді қорғау, желілік қауіпсіздік деңгейін арттыру бағытында әлі де болса жұмыстар қолға алынып жатқаны қуантады. Өйткені, цифрлық жүйе үнемі жетілдіріліп отыратын, цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсартуды көздейтін оңтайлы жүйе. Осы орайда тоқтап қалмай дамудың жаңа толқынына ілесіп отырудың маңызы зор.

Жалпы сот жүйесін цифрландыру бағытындағы реформалардың мәні тәуелсіз сот төрелігіне сенім арттыру мен сот жүйесінің тек қана азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, заңдылықты қатаң сақтауға және құқықтық тәртіпті нығайтуға бағытталған. Осы бағытта бірнеше

жылдан бері цифрландырылған соттардың артықшылығын көріп келеміз. Сот төрелігі бүгінде мүмкіндігінше ашық, жария түрде жүзеге асырылуда. Бұл бағытта жасалынып отырған үлкен кадам, ол сот отырыстарын дыбыс, бейнежазба құрылғыларын қолдану арқылы жүргізу болып отыр. Мұндай амал, сот отырысының хаттамасына қандай да бір өзгертулер енгізуге мүмкіндік бермейді. Бұл, сондай-ақ, судьяларды және сот отырысына қатысушыларды тәртіпке шақырады, сот процесі мен сот қабылдаған шешімнің объективтілігін қамтамасыз етеді. Жалпы, заманауи технологиялар соттардың әділдігі мен шынайылығының да артуына, халықтың сотқа қатысты мәселелерін тезірек шешуге ықпал етуде.

Қорыта айтқанда, цифрландыру – ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттыруда. Сондықтан, сот төрелігіндегі сандық жүйе халықтың сенімін арттырып, жұмысты оңтайландырып, сот жүйесінің ашықтығын қамтамасыз етуде. Сонымен қатар, саланы қағазбастылықтан арылтты. Бүгінде мәліметтердің барлығы электронды түрде қолжетімді. Халыққа да, сот қызметіне де тиімді жүйенің қоғамымызға берері мол екенін сезініп отырмыз.

Т. ШАКИРОВ,  
Медәу аудандық №2 сотының судьясы  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

БАҒДАР

ЕЛ АЙНАСЫ

Мемлекеттік қызметші болу – үлкен абыройлы міндет. Ол билік пен халық арасын байланыстырушы. Сондықтан да әр саланың сапалы жұмыс істеуі, жетістікке жетуі мамандардың біліміне, біліктілігіне тікелей байланысты. Мемлекеттік қызметкер – билік пен қарапайым халық арасындағы дәнекер. Мемлекеттің атынан жұмысын атқарып, мемлекет мүддесін қорғайтын қызметкердің өзін өзі ұстауына, адамдармен қарым-қатынасына, шеберлігіне, сауаттылығына қарап, қарапайым халықтың да мемлекеттік қызметке сенімі де нығая түседі.

Судьяларға ғана емес, қазір сот мамандарына, кеңсе қызметкерлеріне де қойылатын талаптар жоғарылаған. Өйткені, азаматтар сот билігінің әділдігін, төреліктің тура шығарылғанын таразыламай тұрып, кеңсе қызметкерлері

мен сот мамандарының қызмет көрсету сапасына ғана баға береді. Азаматтарды ізетпен қабылдап, білмеген сұрақтарына түсіністік танытуына, құқықтық кеңес беруіне қарап, олардың сот жұмысына деген сенімі нығаяды. Мұны сот талбалдырығын аттаған кез келген адамның лебізінен, пікірінен аңғаруға болады.

Судьялар мен мамандардың білімін жетілдіріп, біліктілігін арттыруға, тәжірибесін шыңдауға ерекше көңіл бөлінеді. Мемлекеттік қызметтегі әрбір адам өз жұмысының барлық маңыздылығын сезіне білуі тиіс.

Мемлекеттік қызметшілер – сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұрып, құқық бұзушылықтарға, сыбайластық әрекеттерге жол бермеуі тиіс.

А.АХИБАЕВ,  
Маңғыстау облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы – сот отырысының хатшысы

СОТҚА ДЕЙІНГІ ТАТУЛАСУ

ҚАТУЛЫҚТАН ТАТУЛЫҚ ТИІМДІ

Сот тарихында істің сотқа дейін аяқталып, тараптардың өзара сыйластықпен тарауы қай кезеңде болса да өзекті. ҚР Жоғарғы Сот төрағасы Жакып Асанов та бұл мәселені бірнеше рет баса айтқан. Қатулықтан гөрі татулыққа талпыну тиімді.



Сот – дау алаңы. Онда айтысуға, таласуға мәжбүр боласыз. Кейде тараптар ашуға беріліп, бір-біріне ауыр сөздер айтып жатады. Сол себептен кешегі туыстар бүгін жау, кешегі дос бүгін қасқа айналуы әбден мүмкін. Сотқа жүгінбестен бұрын ақылға салып, ойланған жөн.

Адамзат өмір сүрген қоғам даусыз болмайды. Ол кез келген уақытқа, кез келген жағдайға тән құбылыс. Алайда, бұл жерде оның реттелуі, мәмілемен, дау жанжалсыз шешілуі өзекті. Ашық демократиялық қоғамда азаматтар құқықтық сауатты десек те, қазіргі таңда сәл ғана түсініспеушілікке бола сотқа жүгінушілер қатары артуда. Отбасындағы кикілжің, ағайын туыстың жанжалы, көршілер дауы да сотқа жететін кезең болды. Шындығына келсек, мұның бәрін сотқа дейін реттеуге, сотқа жеткізбей шешуге де болады. Соттың екі тарапты да бірдей құптап, екі жақты бірдей қанағаттандыруы мүмкін емес. Өйткені, дау болған соң оның ақиқаты

бір жақ тараптың еншісінде болады. Сондықтан, тараптардың мүмкін болса тұрмыстық жеңіл дауларды сотқа дейін шешіп, татуласқаны тиімді. Бұл тек қана уақытқа ғана тиімді емес, бұл сонымен қатар денсаулыққа да, қаражатқа да үнем. Одан бөлек, ағайын туыстың кеше тату, бүгін араз болуы да жүрекке салмақ, туыстыққа сызат түсіреді. Бұл жердегі ең тиімді жол – татуласу мен бітімге келу. Сотқа дейінгі татуласу процесінің бүгін де сот саласында өзекті болып тұрғаны осындай себептерден. Бейбіт жолмен шешілген даудың барлық кезде де ұтымды тұсы көп. Бүгінгі қоғам, жаңа бетбұрыстар сот жүйесіндегі сотқа дейінгі татуласудың өте тиімді тәсіл екендігін айқындай түсті. Дау мен жау іздегенше, өнімді іс қапп, өтімді сөз сойле.

Абдулла ДОСАНОВ,  
Алақол аудандық сотының судьясы  
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

МЕЖЕ

СОТ ТӨРЕЛІГІНІҢ МАҢЫЗЫ АРТТЫ

Елімізде жүріп жатқан саяси, әлеуметтік және экономикалық жаңғырулар жаңа сот жүйесінің қалыптасуына ықпал етті. Бұл өзгерістердің қоғамымыз үшін аса тиімді болғанын тәжірибе көрсетіп отыр. Солардың бірі былтырғы шілде айынан бастап іске қосылған – әкімшілік әділет жүйесі. Азаматтарды, бизнесті әкімшілік органдардың заңсыз әрекеттерінен қорғауға бағытталған, тек билік өкілдерінің әрекеті мен әрекетсіздігінен зардап шеккендерге көмектесіп, шенеуніктердің заңсыз шешімдеріне жоюға, сөйтіп әділдікті қалпына келтіруге шоғырланған жүйенің артықшылықтарын да сезініп үлгердік.

Сот ісін жүргізу арқылы билік тарапының заң бұзушылықтарынан адам құқықтарын қорғаудың негізгі механизмі жекелеген азаматтардың сот шешіміне сенімін қалыптастыруға біршама әсер етуде. Өйткені, жеке және заңды тұлғалардың мүмкіндіктері мемлекеттік аппараттың ресурстарымен салыстыруға келмейтіні анық. Сондықтан билікпен бетпе-бет келген кез келген тұлға текетірестуге кейде қаймығары да анық. Алайда, әкімшілік әділет осы айырмашылықты, теңсіздікті жоғартып дауларды шешудің арнайы

тетігін қамтамасыз етуде. Бүгінгі күні жүйенің тиімді болғанын статистика дәлелдеп отыр. Мәселен, жақында Мемлекет басшысына сот жүйесінің қазіргі жағдайы мен сот төрелігіне қатысты өзекті мәселелер туралы есеп берген ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы Жакып Асанов, әкімшілік соттардың қызметіне қатысты үстіміздегі жарты жылда соттарға 14 мың талап арыз түскенін мәлімдеді. Ал мемлекеттік органдар әрбір екінші істе ұтылған көрінеді. Салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, бұрын қаралған істердің 85 пайызы мемлекеттік органдардың пайдасына шешілген екен.

Сот жүйесінде тиімді жұмыс істеп келе жатқан өзгерістердің бірі медиация. Бүгінде істің медиациямен шешілуіне мүмкіндік тараптардың қатары артып келеді. Соның айғағы бұрын тараптардың тек 3 пайызы ғана татуласса, қазір бұл көрсеткіш 34 пайызға жеткен көрінеді. Демек, медиация жүйесі әлі насихаттады бермек.

Еркебұлан МҰХТАРҰЛЫ,  
Алматы қалалық әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі ауданаралық сотының жетекші маманы

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали
	8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев
	8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағамбетова
	8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев
	8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл
	8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан
	8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов
	8 707 721 19 59.
	Шадира Мекенбайұлы
	87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов
	8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.  
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zankl@zangazet.kz

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.  
Жеке таралым 8019 дана  
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №57 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31